Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!

Нұрсұлтан Назарбаев

Қор тарихы

Қорды құру идеясының авторы Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Елбасымыз тіл жанашырларынан қаржы түсіп отыратын қоғамдық қор құру туралы ұсынысын 2008 жылғы мамырда ҚР Парламенті Сенатының депутаттарымен кездесуінде айтқан болатын. Ал 2008 жылғы 3 қыркүйекте сол кездегі ҚР Мемлекеттік Хатшысы Қанат Саудабаевтың төрағалығымен өткен Қор Қамқоршылық Кеңесінің алғашқы отырысында қор басымдықтары айқындалып, жаңа қоғамдық құрылымның директоры болып ҚР Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Берік Әбдіғалиев тағайындалды.

Жаңа қоғамдық ұйым 5 қыркүйек күні «Мемлекеттік тілді дамыту қоры» Корпоративтік Қоры болып Әділет органдарында тіркелді. Елбасының тапсырмасы бойынша жаңа құрылымның жұмысты бастап кетуіне қор құрылтайшысы ҚР Тұңғыш Президенті Қорынан 48 млн. теңге бөлінді.

Одан кейін Қор орнын-жай жалға алу, оған тиісті жөндеу жұмыстарын жүргізу және қажетті жиһаздар мен техникалық құрал-жабдықтар алу сияқты ұйымдастыру мәселелерін шешуге кірісіп кетті.

Осылайша Қордың ресми қызметі 2009 жылғы қаңтарда бірнеше республикалық

байқаулар жариялаудан басталды. Осы байқаулар арасынан Қор Гранттарына жарияланған байқау қоғамның ерекше қызығушылығын тудырды. Аталған байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған 100-ден астам түрлі жобалар келіп түсіп, олардың жартысына жуығы қор гранттарына ие болып, жүзеге асты. Жоба авторларының ішінде үкіметтік емес ұйымдармен қатар жеке тұлғалар да болды.

Бір сөзбен айтқанда Қор 2009 жылы 6 байқау өткізді. Олар: Қор Гранттарына, орыс тілді БАҚ-тарда қазақ тілін насихаттауға арналған мақалаларға, қазақ тілін жарнамалауға арналған «Қазақ тілі – бірлік пен береке тілі», қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесіне, мектепке дейінгі мекемелерде қазақ тілін үйретуге арналған «Бүлдіршіндерге арналған қазақ тілі» және «Қоғамдық тіл инспекциясы» фотобайқауы сияқты республикалық байқаулар.

Қор қызметі жариялы түрде жүргізіліп келеді. Қаржының игерілуі туралы ақпарат бұқаралық ақпарат өкілдерімен тұрақты өтіп тұратын кездесулерде журналистерге жеткізіліп отырады.

2009 жылы жүзеге асырған жобаларымыз қазақ тілінің қазақстандық әрбір отбасына түгелдей дерлік енуіне ықпал етуге бағытталған Қордың ең алғашқы қадамы болды.

Ал, 2010 жылдың сәуірінде ҚР Мемлекеттік Хатшысы – Сыртқы Істер министрі Қанат Саудабаев басқаратын қор Қамқоршылық кеңесінің шешіміне сәйкес қорға жаңа директор болып Азат Шәуеев тағайындалды. А.Шәуеев қор құрылғаннан бері оның директорының бірінші орынбасары болған. Оған дейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде еңбек етіп, «Нұр Отан» ХДП Орталық аппаратының Ақпараттық-талдау бөлімінің меңгерушісі, ҚР Премьер-Министрі Кеңсесі

4

5

әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің бас сарапшысы, Алматы қаласы әкімдігінің Ішкі саясат департаментінде, тіл басқармасында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Қор 2010-2014 жылдары да мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған 100-ден астам іс-шаралар мен қоғамдық жобаларды жүзеге асырды.

Осы жылдар ішінде қор бала-бақшадан бастап, балалар үйлері, мектеп, колледж оқушыларының, жоғары оқу орындары студент жастарының қатысуымен, этно-мәдени топтардың жастарын қамтитын ауқымды іс-шаралар өткізді. Қазақтілді интернеттің дамуына қолдау жасап, ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған бірқатар қоғамдық бастамаларға қаржылық көмек көрсетті.

Қордың қолдауымен бүгінде қазақ тілінде оқытудың инновациялық бағдарламаларына көмек берілді, жастар, өзге ұлт жастары арасында сан-алуан жарнамалық-ағартушылық акциялары, қазақ тілін оқытуға арналған интернет-портал құру бойынша жобалар ел игілігіне айналды.

Атап айтқанда, қазақстандық интернет-кеңістікті, ақпараттық ресурстар мен сервистерді дамыту, үздік казақтілді интернет-ресурстарды насихаттау мақсатында Қор «Қазақтілді интернет-сайттарының Ұлттық сыйлығы» байқауын өткізді. Байқау жеңімпаздары 5 аталым бойынша анықталды. «Өткір тіл» аталымы бойынша ең үздік интернет-сайт болып www.ult.kz порталы танылды, «Рухани азық» – www.massagan.com, «Терең ізденіс» – www.abai.kz, «Шынайы өмір» – www.minber.kz және «Спорт тынысы» – www.alasharena.kz сайты үздік деп танылды. Бұл шара қазақстандық интернет-кеңістікті, ақпараттық ресурстар мен сервистерді дамыту, үздік қазақтілді интернет-ресурстарды анықтау, тәуелсіздік жылдары қалыптасқан құндылықтарымызды дәріптеп жүрген интернет-сайттарды ынталандыру мақсатында өткізіліп отырған алғашқы байқау болды.

Сонымен қатар, Қор құрылғалы 6 жылдың ішінде жүзеге асырған іс-шаралардың ең бастысы елімізде тұңғыш рет мемлекеттік тілді онлайн режимінде ақысыз үйренуге болатын «Soyle.kz» интернет-порталының ашылуын айтуға болады. Онлайн курстың оқу бағдарламасы қазақ тілін тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жедел меңгеруге және тіл үйренушілерге алынған білік-дағдыларын күнделікті өмірде еркін пайдалана алуға мүмкіндік берді. Бағдар-ламада тілдік құзыреттің барлық түрі: сөйлесім, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері толық қамтылды. Жобада үйренуге тиімді оқу материалдары мен ақпараттық жүйедегі жаңаша мультимедиялық мүмкіндіктер (графикалық суреттер мен анимация түрлері, аудио және бейне материалдар) үйлестіре берілген.

Қор ұжымы алдағы уақытта да түрлі байқаулар, акциялар өткізу арқылы халық арасынан жаңа идеялар іздеп, жаңаша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, тіл жанашырларын, әсіресе этно-мәдени топтардың жастарын тартып, мемлекеттік тілді кеңінен насихаттауға, ана тіліміздің шынайы мемлекеттік тіл болуына барынша күш сала бермек. Қордың басты ұстанымы – отансүйгіштік және Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деген сенім.

Қор міндеті мен басымдықтары

Қордың басты ұстанымы – отансүйгіштік және Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деген сенім.

Елімізде тұрып жатқан барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдерін сақтай отырып, олардың арасындағы негізгі қарым-қатынас құралы қазақ тілі болатындығына деген сенім.

Қордың басты идеологиясы – еліміздің ұлттық құндылығы, қазақ мәдениетінің қазығы болып табылатын қазақ тілін дамытуға жан-жақты және барынша ықпал ету.

Қор міндеті Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған бастамаларына қоғамдық қолдау көрсетуді белсендіру, еліміз бен шетелдерде қазақ тілінің қолданысын арттыруға арналған қоғамдық жобаларды қаржыландыру.

Қор өз қызметін үш негізгі бағытта жүзеге асырып отыр:

- Қоғамдық бастамаларды ынталандыру және қолдау көрсету (қазақ тілін оқытатын, оған қызығушылық тудыратын ғылыми, мәдени және шығармашылық жобаларға байқаулар ұйымдастыру, Гранттар беру арқылы);
- Қоғамды жұмылдыру және қоғамдық бақылау орнату (Орталық және аймақтық Сарапшылар Кеңестерін құру, Қоғамдық Ұйымдармен бірлескен меморандумдарға қол қою);
- Қазақ тілінің қажеттілігі туралы қоғамдық пікір қалыптастыру және ағартушылық, үгіт-насихат қызметі (еліміздің тарихы, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты бұрын жарық көрмеген әдебиеттер әзірлеп шығару, сараптамалық баяндамалар әзірлеу, қазақтілді БАҚ-тар мен интернет-порталдарға қолдау көрсету).

Қор осы үш бағыттағы іс-шаралардың жиынтығы толық жүзеге асқан жағдайда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында жаңа инновациялық жобалар мен технологияларды туғызады деп сенеді.

Мемлекеттік тілді дамыту ісіне бірігіп атсалысуға ірі қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар және этномәдени топтардың жұмылуына жол ашылады.

Тұрақты жүргізіліп отыратын қоғамдық бақылау мемлекеттік органдардың тиімсіз іс-шаралар өткізуден бас тартуына, тіл саласына бөлінетін бюджеттік қаражаттың жауапты түрде жұмсалуына итермелейді.

Халқымыздың тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті туралы танымдық ақпараттар әлем деңгейінде көпшілік қалың оқырманға қолжетімді болады.

Қорды басқару және оның құрылымы

Қорды басқарушы жоғарғы орган Құрылтайшылар жиналысы болып табылады. Оның құрамына: ҚР Тұңғыш Президентінің Қоры, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Қазақстан жазушылар одағы, ҚР Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Республикалық Қоры кіреді.

Қорды басқаратын тұрақты алқалы орган – құрамына белгілі қоғам қайраткерлері мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері кіретін Қамқоршылық Кеңес.

Қамқоршылық Кеңестің құзырына Қор қызметінің басымдықтарын айқындау мен жұмыс жоспарларын бекіту кіреді.

Қазақстан жазушылар одағы

Национальная академия наук Республики Казахстан

Қордың Бас демеушісі

САМРУК КАЗЫНА

Қордың демеушісі

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының Қоры







Қордың 2009 жылы атқарған іс-шаралары

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ ОРЫС ТІЛІНДЕ

2009 жылғы қаңтарда Қор орыстілді БАҚ-тарда қазақ тілі туралы үздік мақалаларға байқау өткізу туралы жариялады. Бұл байқау орыстілді бұқаралық ақпаратқұралдарыныңқазақ тілінің проблемаларына аса көп көңіл бөлмейтіндігіне байланысты олардың арасында қазақ тіліне қызығушылық тудыру мақсатында өткізілді.

Байқау қорытындысы 2009 жылғы 25 маусымда отандық журналистер күні қарсаңында Астана қаласында жарияланды. Байқау қорытындысына арналған баспасөз мәслихатына Қор Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі, Байқау Комиссиясының Төрағасы, сенатор Қуаныш Сұлтанов, «Атамекен» ұлттық экономикалық палатасының төрағасы Азат Перуашев және қор директоры Берік Әбдіғалиев қатысты

Конкурстық комиссия шешіміне сәйкес бірінші орынға «Экспресс К» газетінің ұжымы ие болды. Аталған газет соңғы 4-5 жыл бойы қалыпты түрде тіл мәселесін көтеріп келді. Тіпті жуықта газет «Язык мой – флаг мой» атты айдар аясында қазақ тілі турасында татымды мақалалар тобын жариялады. Редакция арнайы дипломмен және 300 мың теңгемен марапатталды.

Ал екінші орынға қазылар алқасы республикалық «Время» басылымының семейлік тілшісі Милана Гузеева лайықты деп тапты. Ол қордың дипломы мен 200 мың теңесін олжалады.

Үшінші орынды «Государственный язык – основа единения общества» атты сұхбаты үшін «ҚазАқпарат» агенттігінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі Вера Ливинцова жеңіп алып, 100 мың теңгемен марапатталды. «Бұл материал қазақ тілінің өзекті мәселесін барынша көтеруге талпынған. Қысқаша айтқанда, журналист тіл, патриотизм және мәдениеттің бір-бірінен еш уақытта ажырамайтынын баяндаған.

Байқаудың жалпы жүлде қоры 600 мың теңге.

«Қазақ тілі - бірлік пен береке тілі»

2009 жылғы 16 қыркүйекте Қор қазақ тілін насихаттайтын үздік жарнамаға өткізген «Қазақ тілі – бірлік пен береке тілі» байқауын қорытындылады.

Осы жылдың қаңтар-тамыз айлары арасында қазақ тілі туралы жарнама байқауына тіл туралы ұран, билбордқа арналған эскиздер, жарнама роликтерінің сценарийлері сынды 28 өтініш келіп түскен. Олардың 9-ы еліміздің әр облысынан келсе, қалғаны Астана мен Алматыдан қатысты.

Байқау мақсаты жаппай қоғамның қазақ тіліне деген құрметін ояту және Қазақстанның болашағы қазақ тілінде екенін әйгілеу болды.

Байқау қорытындысы бойынша, Қостанай қалалық №2 балабақша әдіскерлері жеңімпаз атанып, қордың арнайы дипломы және ақшалай сыйлығымен марапатталды. Қостанайлық әдіскер-психолог Ирина Артюшина, әлеуметтік әдіскер Ирина Абдулхаликова және музыкалық жетекші Анна Горбушиналар қазақ тілі туралы озық жарнама ролигінің сценарийін жасағаны үшін мұндай құрметке ие болды.

Ал екінші орынға Владимир Ковтуновский лайық деп танылды. «Азаматтық қоғам» қоры сарапшысының жарнама роликтері мемлекеттік тілді қазақ тілін білетін өзге ұлт өкілдері арқылы насихаттауды көздеген.

Үшінші орын «Астанателеком» АҚ-ның қызметкерлері Мейрамгүл Мерғалиева мен Дамир Байсағатовқа бұйырды. Олар ұсынған флеш-роликке қазақ тілінің деңгейін көтеру тек қазақ ұлтының ғана ішкі проблемасы емес, бұл жалпы қазақстандықтардың өзекті мәселесі болуы керек деген ауқымды тақырып арқау болған.

Осы жеңімпаз сценарийлерді Қор келешекте қазақ тілі туралы әлеуметтік бейнероликтер әзірлеуге пайдаланатын болады.

Байқаудың жалпы жүлде қоры 600 мың теңге.

Ерекше әдістемелер байқауы

Қыркүйек айында тіл мерекесі қарсаңында Қор қазақ тілін үйретудің ерекше әдістемесі байқауының қорытындысын жариялады.

Бұл байқаудың бір ерекшелігі, қорға келіп түскен әдістемелерді қазақ тілін өз бетімен үйренген өзге ұлт өкілдерінің жастары таңдады. Яғни, төрелік жасау солардың құзырына берілді.

Олардың бағалауы бойынша, «Хабар» агенттігі арқылы қалың қауымға көрсетіліп жатқан «Тілашар сабағы» бірінші орынға лайық болды.

Екінші орынды Қарағанды облыстық «Тілдерді оқыту орталығының» ұжымдық әдістемесі жеңсе, үшінші орын алматылық Елена Романенкоға «Казахская грамматика для русскоязычных», «Разговорный казахский легко», «Сдаем ЕНТ по казахскому» сынды авторлық әдістемелері үшін берілді.

Сондай-ақ астаналық Гауһар Әлімбек арнайы «Жаңаша әдістеме» номинациясы бойынша марапатталды. Барлық жеңімпаздар арнайы диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды.

Байқаудың жалпы жүлде қоры 550 мың теңге.

Қоғамдық тіл инспекциясы

«Айқын» республикалық газетімен бірлесіп «Қоғамдық тіл инспекциясы» фотобайқауы ұйымдастырылды. Осы байқау аясында еліміздің барлық аймақтарының тұрғындарынан билбордтар, жарнамалық плакаттар, мемлекеттік және жекеменшік ұйымдардың маңдайшаларындағы атауларындағы қазақ тілінде қате жазылған фотосуреттер қабылданып, апта сайын газет бетінде жарияланып отырды.

Ең қызықты деген қателері бар фотосурет авторлары ақшалай жүлделермен марапатталды: 1-ші орын – 50 мың теңге, 2-ші орын – 30 мың теңге, 3-ші орын – 20 теңге көлемінде ақшалай жүлделер алып отырды.

Аталған фотобайқау тоқсан сайын қорытылып отырды. Жинақталған қателері бар фотосуреттер тиісті шаралар қолдану үшін «Нұр Отан» ХДП-сы арқылы жергілікті атқарушы органдарына жіберілді.

Байқаудың жалпы жүлде қоры 215 мың теңге.

«Бүлдіршіндерге арналған қазақ тілі»

2009 жылдың желтоқсан айында Қор мектепке дейінгі мекемелерде қазақ тілін тиімді оқытатын үздік әдістемеге жарияланған байқау қорытындысын шығарады.

Бұл байқау мемлекеттік тілдің балабақшадан бастап қанат жаюына ықпал ету, тіл оқыту саласындағы инновациялық үрдістерді ынталандыру, тиімді әдістемелік оқу құралдарын шығару және шығармашылықпен айналысатын ұстаздар мен үкіметтік емес ұйымдарды қолдау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Осы байқауға мектепке дейінгі мекемелерде еңбек ететін ұстаздардан, қазақ тілі әдіскерлерінен, лингвист-ғалымдар мен қоғамдық ұйымдардан бүгінге дейін 20 –дан астам өтінімдер келіп түсті

Қор гранттары

Қор Гранттары конкурстық негізде беріледі. Аталған Гранттар қазақ тіліне қалың бұқараның қызығушылығын тудыратын, тіл үйренуге баулитын, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған және әдебиетіміз, мәдениетіміз және тарихымызды кеңінен насихаттауға арналған ең үздік жобаларды қаржыландыру мақсатында тағайындалған. Бұл байқаудың ерекшелігі қатысушыларға шектеу қойылмайды, яғни байқауға үкіметтік емес ұйымдар, коммерциялық құрылымдар және жекелеген тұлғалар да қатыса алады.

2009 жылдың 8 шілдесінде Қор Гранттары байқауының алғашқы қорытындысы шығарылды.

Грант алуға үміткерлерден еліміздің 12 аймағы мен Ресейден 107 өтінім келіп түсті.

Байқау комиссиясының шешіміне сәйкес ең үздік деп табылған 36 жоба авторы Қор Гранттарына ие болды. Олардың бастамаларын жүзеге асыруға 30 млн. астам теңге қаражат берілді. Гранттар көлемі 300 мың теңгеден 3 млн. теңгеге дейін болды.

Қор Гранттарына ие болған жобаларды шартты түрде бес негізгі бағытқа бөлуге болады:

- қазақтілді интернет-сайттар ашуға арналған жобалар;
- бұқаралық, ағартушылық үгіт-насихат акциялары;
- қазақ тілін ересектерге оқытудың авторлық бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеп шығаруға арналған жобалар;
- балаларға арналған түрлі оқыту құралдары мен өзекті сөздіктер шығаруға арналған жобалар;
- қазақ әдебиеті, мәдениеті мен тарихына арналған бұрын жарық көрмеген әдебиеттер әзірлеп шығаруға арналған жобалар.

Гранттар беру кезінде осы бағыттардың барлығы дерлік толық қамтылды.

Қазақтілді интернет-сайттар ашуға арналған жобалар

Бүгінгі таңда әлемдік ғаламтордағы қазақ тілінің үлес салмағы небары 3-ақ пайызды құрап отырғандығына байланысты түрлі бағыттағы қазақша интернет-сайттар ашу өзекті болды. Сондықтан Қор қазақ тілінде ақпарат тарататын интернет-сайттардың саны мен салмағын көбейту мақсатында қазақтілді жаңа сайттар ашуға әрқайсысына 1 млн. теңгеден Грант бөлді. Олар:

«Zamandas.kz» ақпараттық-сараптамалық интернет-сайты «Назар» журналистер қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ашылды *(редакторы - Нұртөре Жүсіп)*.

«Minber.kz» атты қазақ тілін, мәдениетін, тарихы мен салт-дәстүрін насихаттайтын мәдени-ағартушылық интернет-газеті ашылды (редакторы - Есенгүл Кәпқызы);

«Altun-orda.kz» қазақ газеттерінің материалдарын орысшаға аударып, барлық қазақша басылымдарға ақпараттық-шолу жасайтын интернет-газеті ашылды *(редакторы - Серік Малеев)*.

Бұрыннан бар сайттарға қолдау көрсету үшін «abai.kz» ақпараттық-танымдық интернет-порталына *(редакторы - Дәурен Қуат)* 1 млн. теңге, «zonakz.net» интернет-сайтында қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарына ақпараттық шолу жасайтын қазақ тіліндегі тарауын ашу үшін *(редакторы - Юрий Мизинов)* 500 теңге және «Inosmikz.com» интернет-сайтында әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарындағы Қазақстан туралы ақпараттарды қазақ және орыс тілдеріне аударып, ақпараттық-шолу жасайтын тарау ашуға *(редакторы - Ахас Тажутов)* 500 мың теңге бөлінді.

Ағартушылық үгіт – насихат акциялары және өзге де тілдік жобалар

«Сөз мерген» тележобасы

Гранттық конкурстың жеңімпаздарының бірі болып «Қазақстан» телеарнасының «Сөз мерген» атты жаңа ерекше жобасы танылды.

Бұл – қазақтың аз қолданыстағы сөздерінің білгірлері сайысатын ойындық телекөрсетім.

«Сөз мергеннің» мақсаты – қазақ тілінің бай қорын ауызекі тілде орынды түрде қолдана білуді насихаттау.

Қор жаңадан ашылған осы телехабардың аяғынан тік тұрып кетуіне қаржылай қолдау көрсетті.

Гранттық қолдау көлемі – 800 мың теңге.

«Қобыланды жырын жатқа айту» жобасы

Сондай-ақ, Қордың 700 мың теңгелік грантына «Қобыланды жырын жатқа айту» жобасының авторлары ие болды.

Жобаның мақсаты – қазақ тілін жыраулық дәстүрді жаңғырту жолымен насихаттау және үйрету.

Жоба қатысушылары: серпінді жобалар арқылы тілді насихаттауды қолға алған зиягерлер, өмірлік белсенді ұстанымдары қалыптасқан және елдегі тілдік ахуалды өзгертуге ынталы отаншыл жандар.

Жоба арнайы бапкерлердің ынталы топтарды үйретуді қолға алуымен іске асады. Жобаның әрбір сатысының көріністері деректі түсірім ретінде телеарналарда көрсетіледі.

Жоба жетекшісі: Земфира Ержан, өнертанушы

Түсіру тобының жетекшісі: Әсия Байғожина

«Тіл - достық мерейі» фестивалі

300 мың теңгелік Грант Ноғай ұлттық-мәдени орталығына қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуының 20 жылдығына арналып Астана қаласында «Тіл – достық мерейі» фестивалін өткізуге берілді.

Фестиваль идеясы – қазақ тілін өзге ұлттар арасында насихаттауға, қазақ тілінің қазақ пен ноғай халықтарына ортақтығын насихаттауға арналды.

Бұл шараға Астана қаласындағы өзге ұлт өкілдері мен этномәдени бірлестіктер қатысты.

Сондай-ақ, шараға Ресейден келген дағыстандық күйші Файзулла Мусаев, сургуттық ақын Әліби Қасымбаев, астрахандық ақын қыз Фарида Сейдахметова, Ставропольден келген әнші Әсия Тілекова және басқа ноғай жұртының өнер майталмандары қатысты.

«Мен - қазақпын» радиожобасы

Қор 250 мың теңгені грант есебінде Қазақ радиосының эфирінде шығатын «Мен - қазақпын» жобасына бөлді.

«Мен - қазақпын» радиохабары – тыңдармандардың қазақ тілін, тарихын, әдебиеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жетік білуге арналған викториналық ойын хабары.

Радиотаралым тікелей эфирде аптасына 5 рет шығады. Жеңімпаздарға бағалы жүлде мен сыйлықтар беріледі.

«Бауырсақ күні» акциясы

2009 жылғы Қор қаржыландырған шаралардың бірі – Алматыда 27 қыркүйекте өткен «Бауырсақ күні» акциясы.

Ұлттық символдарымызды, салт-дәстүрлерімізді, ұлттық тағамдарымызды және ұлттық ойындарымызды насихаттау арқылы жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді ояту мақсатында Алматы қаласында бесінші жыл ұйымдастырылып отырған «Бауырсақ күні» акциясына қаржылай қолдау көрсетілді.

Биылғы Акция «Қазақша сөйлесейік» девизімен өтті.

Акция барысында ана тіліміз бен әдебиетімізді жастар арасында кеңінен насихаттауға арналған түрлі ұлттық ойындар мен викториналар ұйымдастырылды.

Аталмыш шараның құрамында 50 000 бауырсақ пісіріліп халыққа таратылды.

Шараға күні бойы 10 мыңдай адам қатысты. Грант мөлшері – 1 млн. теңге.

«Студенттік көктем - 2009» фестивалі

Қор Астанада жоғарғы оқу орындары арасында «Студенттік көктем -2009» фестивалі аясында өткен «Қазақ тілі кубогы» пікірталас турнирінің демеушілері қатарында қолдау жасады.

Пікірталас барысындағы басты тақырып – қазақ тілінің бүгіні мен болашағы болды.

Студенттер мемлекеттік тілдің қолдануы мен оның қоғамдық ортадағы беделін арттыруға қатысып, өзекті мәселелерді қозғады.

Бұл шараны «Жастар арасында мемлекеттік тілді дамыту» қоғамдық бірлестігі, Астана қалалық Ішкі саясат басқармасы мен «Нұр Отан» ХДП-ның жастар қанатының қолдауымен Астана қаласындағы жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ұйымдастырды.

«Қазақша сөйлесейік!» акциясы

«Нұр Отан» ХДП-ның «Жас Отан» жастар қанатымен бірігіп «Қазақша сөйлесейік!» акциясы өткізілді.

Республикалық акция 2009 жылғы 11 шілдеде Астанада басталды.

Басты мақсат – жұртшылыққа қызмет ету орындарында мемлекеттік тілдің сауатты қолданылуына үлес қосу.

Акция арқылы қазақ тіліне қоғамдық ортаның мүддесін туғызу үшін сауда орындарында, сервистік орталықтар мен базарларда ақпараттық флаер, буклет, шара нышаны басылған жейделер таратылып, сатушыларды қазақ тілінде сөйлеуге шақыруға арналған кездесулер жүргізілді.

2009 жылғы тамыз айында республикалық теларналарда мемлекеттік тілді үйренуге шақыру мақсатында түрлі сала жұлдыздары мен қазақтілді азаматтар: И. Ильин, Н. Әлімжанов, Н. Дементьевалар үндеу тастаған видеороликтер көрсетілді.

«Балаларымыздың болашағы – қазақ тілінде» жобасы

«Балаларымыздың болашағы – қазақ тілінде» жобасы этностық диаспоралар өкілдеріне балаларын қазақтілді мектептерге беруге үгіт-насихат жүргізуді қарастырды. Оларға 2010 жылы барлық мемлекеттік органдар қазақ тіліне көшетінін, сондықтан да балаларының болашағы қазақ тілінде екенін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жоба түрлі диаспоралар тығыз орналасқан аймақтардағы елді мекендерде жүзеге асырылды. Грант мөлшері – 1 млн. теңге. Жоба иесі – «Ұлт тағдыры» РҚБ (Жетекшісі – Дос Көшім).

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының қауымдастығы» жобасы

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің Астана қалалық қауымдастығын құру идеясына түрткі болған - орыстілді мектептер мен балабақшаларда қазақ тілін үйрету мен оқыту деңгейінің төмендігі.

Жоба мақсаты - орыстілді мектептер мен балабақшаларда қазақ тілін оқыту-дың жаңаша сипатын іздестіру мен қалыптастыру және оқытушылардың кәсіби деңгейін заман талабына сай үнемі жетілдіріп отыру.

Қауымдастық Астана қалалық балалар үйлерінде Қордың қолдауымен қазақ тілін оқыту, домбыра және қолөнер шеберлігі үйрмелерін ұйымдастырып оларды өз қамқорлығына алды.

2009 жылғы қараша айында мемлекеттік тіркеуден өткен Қауымдастық, сондай-ақ, қазақ тілі оқытушыларының біліктілігін арттырумен де айналысады.

Грант мөлшері – 1 млн. теңге.

«Мемлекеттік тіл» Қоғамдық қозғалысының жобасы

«Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының Астана филиалы (Сайлау Батыршаұлы) қазақ тілін дамытуда біршама тәжірибесі бар, сынақтан өткен бағдарламалары мен әдістемелерін ұсына отырып, Қордың 500 мың теңге грантын ұтып алды. Бұл қаржы орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жақсартуға, сондай-ақ, мемлекеттік органдардағы қазақ тілінде іс жүргізуді енгізуге қатысты семинар-кеңестер өткізуге жұмсалуда.

Қазақтілді БАҚ-тарды қолдау

Арнайы гранттық конкурс қорытындысы бойынша қазақ тілінде жаңадан жарық көрген «Есіл» және «Мырза» газеттеріне, сондай-ақ, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен жарыққа шығатын жаңа басылымға қаржы бөлінді.

Халықаралық «Қазақ тілі» (Ө. Айт-баев) қоғамының жобасы «Білім және ғылым» ғылыми-көпшілік журналын шығаруға негізделген. Басылымның тұжырымы – білім беру мен ғылым мәселелерін жария ету және қазақтілді ғылыми-техникалық терминдердің жағдайын тұрақты түрде талдап отыру.

Грант мөлшері – 1 млн. теңге

Сондай-ақ, «Мырза» мен «Есіл» газеттеріне де 300 және 200 мың теңге бөлініп, қазақ тілі мен тарихына, әдебиетіне арналған мақалалар жарық көруі үшін және «Қазақша сөйлесейік!» акциясына ақпараттық қолдау көрсету тапсырылды.

Биылғы жылдың қазан айында Қор «Алтын жүрек» сыйлығының иегері, «Алматы ақшамы» газетінің фототілшісі Самат Құсайыновтың «Сайын дала, салт-дәстүр сыр шертеді суретте» атты жеке көрмесін ұйымдастыруға 200 мың теңге бөлді.

Көрмеге автордың іріктелген 100 фотожұмысы қойылды. Олар ұлттық дәстүр мен мәдениетке және Қазақстанның бай табиғатын насихаттауға арналған.

«Абай жолы» аудиокітаптарын тарату

Аталмыш аудиокітаптардың тіл үйретуші, сөздік қорын молайту, жүргізіп оқуды дамыту мен дыбыстау және дикция қабылетін шыңдау мүмкіндігін ескеріп, Қор «Жазушы» баспасынан М. Әуезовтың «Абай жолы» аудиоэпопеясының 500 данасын 1 млн. теңгеге сатып алды.

Аудиокітаптың бір бөлігі Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы арқылы шетелдік қазақ диаспораларына тегін таратылуда.

Шетелдегі қазақ диаспораларын қолдау

2009 жылы Қор Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ресейлік филиалына 1 млн. 250 мың теңге грант бөлді. Бұл қаржы арнаулы әдебиеттер сатып алуға, тіл үйрету курстарын ашуға, ұлттық мейрамдар өткізуге жұмсалады.

Мұнымен бірге Қор «Мәскеудегі қазақ тілі күнін» өткізуге қолдау көрсетті. Шара осы жылғы 24 қарашада болып, оған РФ-дағы ҚР Елшісі Зауытбек Тұрысбеков қатысты.

Қордың сыйақысы

2009 жылғы 8 шілдеде Қор «Атамекен» Ұлттық экономикалық палатасымен бірлесіп 150 мың теңге көлеміндегі сыйақысын қазақ тілі мен қазақ ұлтын дамытуға қосып жүрген үлесі үшін жазушы Герольд Бельгерге, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Алдан Смайылға, «Алтын орда» газетінің редакциясына, «Хабар» телеарнасының журналисі Ринат Кертаевқа және отаншыл әнші Ерболат Құдайбергенге тарту етті.

Кітаптар, оқулықтар мен сөздіктер шығару

«Қазақ тілі: еркін сөйлеймін, сауатты жазамын және аударамын» оқыту құралы

Қор 500 мың теңгені мемлекеттік қызметшілерге, іс жүргізушілерге, аудармашылар мен тіл үйренушілерге арналған «Қазақ тілі: еркін сөйлеймін, сауатты жазамын және аударамын» оқыту құралын әзірлеуге бөлді.

Жоба мақсаты - мемлекеттік қызметшілерге, іс жүргізушілерге, аудармашылар мен тіл үйренушілерге іс жүргізуге және ресми хаттарды жазуға үйрету. Оқу құралында стандарттық синтаксистік құралымдар мен іскери тілде барынша жиі қолданылатын сөйлемдер қамтылған.

Қазақ тілін өз бетінше үйрену жобасы

Қор «ДемОрда» қоғамдық қорына «Самоучитель казахского языка для начинающих» оқу құралын басып шығаруға үлес қосты. Грант сомасы – 700 мың теңге.

Оқулық қазақ тілінің фонетикасы бойынша жасақталған 15 сабақтан тұрады. Кітап авторлары қазақ дыбыстарын барынша ұғынықты жазып, дыбыстарды меңгерудің дәл дыбыстау жолдарын барынша қарапайым түрде сипаттап, тиімді тәсілдерін келтірген.

Сынақ жүзіндегі «Қазақ тілі» оқулығы

«Ассалазар» ЖШС ересек тіл үйренушілер үшін Сынақ жүзіндегі «Қазақ тілі» оқулығын әзірлеу мен басып шығаруға арналған Қордың 700 мың теңге грантын ұтып алды. Оқулық материалы орта және егде ұрпақтың жасы мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылған.

«Балғын шаққа – бал шығарма»

500 мың теңге көлеміндегі Қордың гранты Ақмола облыстық мемлекеттік тілді дамыту қорына берілді.

Бұл қаржыға аталмыш қор балаларға арналған кітаптар шығаруда.

70 беттік безендірілген жинаққа қазақ тіліндегі қызықты әңгімелер, өлеңдер мен ертегілер енгізілген.

Гранттың бір бөлігі қысқаша «Нарық терминдерінің орысша - қазақша терминдер сөздігін» шығаруға пайдаланылды.

Қазақ тіліндегі «Этносаяси сөздік» жобасы

«Этносаяси сөздік» - көпшілік оқырманды жаңаша қоғамдық-саяси сөздік қормен таныстыруға арналған Этносаяси сөздік шығару жөніндегі жоба.

Сөздікте негізгі этносаяси ұғымдар мен тарихи-саяси терминдер қамтылған.

Жобаны жүзеге асыруға 850 мың теңге грант бөлінді.

Тіл үйретуші «Қос» құралы

Қордың 300 мың теңге гранты қазақ сөздерін жедел түрде меңгертуге арналған Е. Нарымбаевтың авторлық «Қос» тіл оқыту жүйесіне бөлінді.

Жоба 4-7 жасар балаларға арналған. Тіл оқыту ойын түрінде жүргізіледі де, балдырғандардың қазақ тіліне деген орнықты қызығуын дамытады, сәби шақтан-ақ қазақ әліпбиі мен тілдің негізін игеруге ықпал етеді.

Грант талабы бойынша 300 дана оқыту өнімі тегін түрде Балалар үйі мен балабақшаларға таратылуда.

«Ұлттық рух»

Мемлекеттік тілді дамыту Қоры қызметінің жарғылық мақсаттарының бірі – мемлекеттілік пен қазақстандық отаншылдықты нығайту болып табылады.

Қор бұл мақсатқа басым түрде назар аударады.

Сондықтан да, Қор өзінің гранттық конкурс аясында тарихи-патриоттық «Ұлттық рух» бағдарламасының жүзеге асуына қолдау көрсетті.

Бұл бағдарлама бірнеше бағыттан тұрады:

- Бұрын жарық көрмеген тарихи-сараптамалық материалдарды басып шығару;
- «Халық батыры» акциясын жүзеге асыру;
- «Кенесары хан» жобасын жүзеге асыру ;
- «Нәубет. Казахская трагедия» жобасын жүзеге асыру ;
- Зияткерлік «Қазақ альманағы» журналын шығару.
- Жобаның жалпы құны - 10 млн. 700 мың теңге.

Жобаны жүзеге асырушылар: «Атақазақ» қоғамдық бірлестігі, «Бастау» қоғамдық қоры, «Ұлттық даму инситуты» ЖШС.

«Қазақ альманағы» журналы

«Қазақ альманағы» – қазақ тілі мен ұлтының даму болашағын тұжырымды түрде сараптауды көздейтін, ұлтымыздың бірлігін нығайтуға бағытталған, өзара тығыз идеялы-саяси, рухани-әдеби, мәдени-тарихи тақырыптарды қозғайтын 250 беттік журнал.

Бүгінге дейін альманахтың 4 саны жарық көрді. Оның авторлары – белгілі отандық саясатшылар, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері.

Басылымның 6 нөмірін 7 мың таралыммен шығаруға Қор 3 млн. теңге бөлді.

Бұрын жарық көрмеген тарихи құжаттар мен әдебиеттер

Бүгінгі таңда тарихи-құжаттардың 3 жинағын басып шығаруға әзірлік жасалуда. Біріншісіне – Ж. Аймауытовтың бұрын жарияланбаған еңбектері, екіншісіне – Н.Е. Бекмахановаңың ұлт-азаттық күрес туралы еңбектері енгізілді. Соңғы кітапқа Т. Омарбековтың «Голодомор в Казахстане» еңбегі жоспарланды.

Көрсетілген әдебиеттерді басып шығаруға бөлінген грант мөлшері – 3 млн. теңге.

«Наизломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана»

«Нұр Отан» ХДП қолдауымен «Ұлттық рух» бағдарламасы аясында тарих ғылымдарының докторы Дина Аманжоловаңың «На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана» кітабы жарық көрді. Бұл еңбекте жиырмасыншы ғасыр басында жоғары білімдар, жанжақты білікті қазақ зиягерлері саясат сахнасына ұлттық мемлекеттілік мәселесін жалау етіп алып шыққан еді.

Бұл зерттеудің құндылығы «Алаш» қозғалысының қазақ этносын рухтандырудағы рөлін ашуында, қазіргі Қазақстан жағдайында да өзекті болып отырған олардың ұсынған ұлттық мүдделерді қорғау жөніндегі саяси тетіктері мұқият сарапталған.

Кітаптың ресми тұсау кесері Мәскеу және Астана қалаларында өтті.

«Халық батыры» акциясы

«Халық батыры» акциясы Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 65 жылдық мерекесіне арналған. Мақсат – 1941-1945 жылдардағы соғыста көрсеткен жанқиярлығы үшін Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылып, бірақ түрлі себептермен ол атақ бұйырмаған қазақстандықтардың ерлігін паш ету мен есте сақтау.

Бұл жобаны атқарумен айналысатын «Атақазақ» ҚБ ел бойынша осы мақсатқа сәйкес келетін мұрағаттық материалдарды жинастырып, мұқият сараптап, Үкіметке әскери ерлігі Кеңес кезінде лайықты аталмаған халық батырларын мәңгі есте қалдыруды ұсыныс етпек.

Акция отаншылдық сипатта болғандықтан, ол тарихи әділет орнатуға ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақты өз отанын сүюдің жарқын үлгісімен тәрбиелеу.

Бұл жобаға «Ана тілі» және «Алаш айнасы» газеттері, Қазақ радиосы ақпараттық қолдау көрсетуде.

«Казахское сопротивление. XX век» жинағы

Қор қаржыландырып отырған бұл жобаның мәні, қазақ халқының патшалық отарлау мен кеңестік ұлттық саясат әдістеріне қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс тарихына арналған жинақ әзірлеу.

Жоба мақсаты – қазақ халқының тарихына объективтік көзқарас қалыптастыру; отаншылдық идеясын тарату; ұлттық абырой мен ауызбірлікті нығайту.

Кітапта баяндалатын отаншыл адамдардың қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруге деген өрлігі мен бостандық пен тәуелсіздікке деген қыршын ғұмыры нәтижелі тәрбие болары күтіледі.

Жобаны бітіру мерзімі – 2010 жылғы наурыз.

«Кенесары хан» статуэткасын әзірлеу

Қор 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, соңғы қазақ ханы - Кенесары Қасымұлының 60 дана статуэткасын жасауға арналған патриоттық жобаға қаржылай қолдау көрсетті.

Жоба мақсаты – ұлттық батырымыз, көрнекті мемлекет қайраткері әрі дарынды мәмлегер бейнесі арқылы өскелең ұрпақ арасында қазақстандық патриотизмді нығайтуға, төл тарихымызды қадірлеу мен ұлттық бірлік пен тұтастықты насихаттуға арналған.

Қымбат металлдан жасалған естелік бұйымның бірқатары барлық республикалық және облыстық өлкетану мұражайларына тегін таратылады.

Сондай-ақ, республикалық теле-радио компанияларға ұлттық-патриоттық бағыттағы хабарлар мен байқаулардың қатысушыларына сыйға тарту үшін беріледі.

«Нәубет. Казахская трагедия» бестомдығы

«Нәубет. Казахская трагедия» бестомдығы қазақ халқының қасіретті тарихи парағы болып табылатын – 1931-1933 жылдардағы 2 миллиондай қазақ өмірін қыршын еткен, яғни, ұлттың 50% санын азайтқан аштыққа арналған мақалалар мен құжаттар жинағы әзірлену үстінде.

Қор бестомдықты қаржыландыра отырып, ол қазақ нәубетінің жаңа беттеріне қарай жарық себеді. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихына толық енбей отырған бұл қаралы тарихи парақтың ұлт шежіресіне жаңаша қарауды ресми қалыптастырады.

Бектұр Жүсіпбекұлы Аймауытовқа құлыптас қою

Биылғы жылдың мамыр айында Қор бірқатар жас саясатшылар мен ғалымдардың бастамасын қолдап, көрнекті қазақ жазушысы, ғалымы, ағартушысы Жүсіпбек Аймауытовтың ұлы – Бектұр Аймауытовтың бейітінің басына құлыптас қоюды ұйымдастырды.

Әкенің қайғылы ғұмыры ұл өміріне қатал із қалдырды. 1929 жылы Жүсіпбек Аймауытов «халық жауы» ретінде атылып кеткен соң, оның ұлы Бектұр өткен ғасырдың 50-жылдарына дейін жазалау органдарының аңдуында болды, абақтыға қамалды, елінен ажырады. Бұл жылдар ішінде Бектұр Аймауытов Алтай өлкесінде тұрып, тек қана 2006 жылы Қазақстанға оралды. Бектұр Жүсіпбекұлы екі жыл бойы Алматыдағы қариялар үйінде тұрды. Оның соңғы саясы белгісіз бейіт болып бұйырды. Бейіттегі нөмір болмағанда, оны табу мүмкін де болмас еді.

Б. Аймауытовқа құлыптас орнатуға 120 мың теңге бөлінді. Қария құрметіне ас берілді.

Ынтымақтастық туралы меморандумдар

2009 жылы Қор мемлекеттік тілдің рөлін одан әрі арттыруды негізге ала отырып, азаматтардың мемлекеттік тілді кеңінен меңгеруіне барлық жағдай жасау, тіл саясатын тиімді іске асыру, тіл заңдылықтарын жетілдіру жөнінде бірлескен ұсыныстар, қазақ тілін оқытатын тиімді әдістемелер әзірлеу, ана тілімізді бизнес-кеңістігіне енгізу мақсатында «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясымен, Қазақстан халқы Ассамблеясымен және «Атамекен Одағы» Ұлттық экономикалық палатасымен бірлескен қызмет туралы меморандумдарға қол қойды.

Осы меморандумдар аясында «Нұр Отан» ХДП-сымен «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты аймақтық дөңгелек үстелдер, «Қазақша сөйлесейік» акциясы және «На изломе. «Алаш» в этнополитической истории Казахстана» кітабын жарыққа шығару сияқты бірлескен жобалар жүзеге асты.

Қазақстан халқы Ассамблеясымен аймақтық Этномәдени топтарға және оларға қазақ тілін үйретететін оқытушыларға арналған семинар-тренингтер сериясы өткізілді.

«Атамекен Одағы» Ұлттық экономикалық палатасымен орыстілді журналистер арасында байқау өткізіліп, тіл жанашырларына арнайы сыйлықтар тағайындалды.

Жарғылық мақсаттарға сәйкес қордың сарапшылар кеңесі құрылып, алғашқы отырысы қарашада өтті

Кеңес құрамына 13 тілгер-мамандар мен қоғамдық сарапшылар кірді.

Кеңес мүшелерінің басты міндеті – қазақ тілінің жағдайын күшейтуге бағытталған бағдарламалар мен жобаларды бірлесіп әзірлеу, сондай-ақ, мемлекеттік тілдің дамуына кедергі боларлық себептерді талдау.

Қор өңірлерде де осындай Кеңестердің құрылуын қарастырды. Қазіргі кезде осындай қоғамдық Кеңестер ел өңірлерінің тоғызында – Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Ақмола, Атырау және Павлодар облыстарында құрылды, басқа облыстарда да құру қолға алыну үстінде.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты дөңгелек үстелдер

2008 жылдың желтоқсан айынан 2009 жылдың мамыры аралығында Қор директоры Б. Әбдіғалиев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты дөңгелек үстелді Павлодар, Петропавл, Көкшетау, Өскемен қалаларында өткізді.

Бұл шараларға қазақ тілін меңгерген қазақ емес жастар, жергілікті зиялы қауым, қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел аясында мемлекеттік тіл беделін көтеру мен оның қолдану аясын кеңейту мәселелері қаралып, этностық топтарда қазақ тілінің таралуы жайы талданды.

Сонымен бірге, Б. Әбдіғалиев оннан аса шараларға: отаншылдар форумы (Семей қаласы, Қарағанды қаласы), халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, мысалы, «Ресей қазақтары: тарих пен қазіргі кезең» (Омбы қаласы) атты мәслихаттарға қатысты.

«Достық тілінде» - аймақтық семинар-тренингтер

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қор еліміздің аймақтарында этномәдени топтар өкілдері мен оларға қазақ тілін оқытатын оқытушылардың қатысуымен өңірлік семинар-тренингтер өткізді.

Бұл шараларды Қор Қазақстан халқы Ассамблеясы және Орыс, славян және казактар ұйымдарының Ассоциациясымен бірлесіп ұйымдастырды.

Жоба мақсаты – этностық топтардың белсенді мүшелерін тілдік мәселелер мен қазақ тілінің беделін арттыруға жұмылдыру.

Шаралар негізінен пікірталас форматында өтті. Қатысушылар бір-бірімен мемлекеттік тілді әйгілеу мен оны үйрену әдістемелері жөнінде ақпарат, идея және ұсыныстар алмасты.

Биылғы тамыз-қараша аралығында Петропавл, Көкшетау, Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау, Шымкент, Тараз, Қарағанды, Талдықорған, Қостанай, Павлодар қалаларында 12 семинар-тренинг өткізіліп, бұл шаралар барлығы 300-ден аса этностық топтар өкілдерін қамтыды.

«Бейбітшілік тілі» – «Араздық тіліне қарсы» – БАҚ-тар үшін мастер-кластар

Елдің алты аймағында (СҚО, ОҚО, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Алматы облыстарында) Қор «Атақазақ» қоғамдық бірлестігімен бірігіп, этносаралық қатынастарды БАҚ-тарда жария ету мәселелері бойынша журналистерге арналған мастер-кластар өткізді.

Журналистермен кездесуді Ақпараттық даулар жөніндегі сараптама орталығының жетекшісі Ғалия Әженова мен Мемлекеттік тілді дамыту Қоры директорының орынбасары Серік Ерғали жүргізді.

Жобаның басты мақсаты – БАҚ қызметкерлерін тілдің призмасы арқылы толеранттық журналистика тәсілдеріне баулу.

Тренинг аясында этникалық сезімдер мен адамдардың абыройына тиісу нәтижесінде соттық іске айналған жарияланымдар қарастырылды. Қатысушыларға толеранттық журналистика тәсілдері мен әдістері түсіндіріліп, оларға қаталдық пен зорлықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық үстемдікті насихаттау мен үгіттеуге қатысты тартылатын жауапкерлік қарастырылған заңдық нормалар ұғындырылды.

Тыңдаушылар «Бейбіт журналистика» дағдылары мен тәсілдерін, этностық қасаңдықтың, этноәсірешілдік пен кемсіту көріністерін ажыратуды меңгерді; этносаралық мәселелерді кеңінен ұғуға жетіп, жаңа деңгейге көтерілді; құқықтық және этномәдени қанығу деңгейін көтерді.

Әр қатысушыға журналистерге арналған «Жария ет, бірақ жауластырма», «Даулы мәтіндердің лингвистикалық сарабы», «Қазақстан БАҚ-тарындағы саяси әдептілік: үйлесім іздеу» секілді кітаптар таратылды.

Жоба 200-дей өңірлік БАҚ журналисін қамтыды. Әрбір мастер-класс жергілікті баспасөзде кеңінен насихатталды.

«Саяси қатынастағы қазақ тілі» дөңгелек үстелі

«Саяси қатынастағы қазақ тілі» атты дөңгелек үстел 9 қарашада Астана қаласында болып өтті. Оған сарапшылар қауымы, мемлекеттік ұйым өкілдері мен қазақтанушы-филологтар қатысты.

Жобада Гуманитарлық-саяси конъюктура орталығы әзірлеген (Алматы қаласы) қазақ тілінің саяси кеңістіктегі рөлі

туралы баяндаманы дөңгелек үстел қатысушыларына таныстырды.

Грант мөлшері – 650 мың теңге.

«Ұлт бәсекелестігінің стратегиясы» семинары

Қор биылғы 7 қарашада өткен «Ұлттың бәсекелестік стратегиясы» семинарын ұйымдастырушылардың бірі болды. Бұл бірлескен жобаны атқаруға сондай-ақ, Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Қазақ халқының рухани даму қоры», «Ұлттық даму институты» ЖШС қатысты.

Жоба мақсаты – қазақ халқының мемлекетқұраушы ұлт ретіндегі рөлін, сараптамалық тұрғыдан талдау, ұлттың бәсекелестігін арттыру жөніндегі ұсынымдар қарастыру.

Семинар тақырыбын айқындай отырып, ұйымдастырушылар мемлекеттің бәсекелестігі мемлекет құраушы ұлттың бәсекелестігі – өзара тығыз байланыстағы құбылыс екендігін ескерді.

Мемлекет құраушы ұлт болу деген сөз – елдің бірлігі мен тұтастығы, оның бүгіні мен болашағы үшін, елдегі өзге этностардың дамуы жолындағы жауапкер болу.

Семинарға сарапшылар қауымы, мемлекеттік ұйым өкілдері мен журналистер қатысты. Қатысушылар саны – 30 адам.

БАҚ-тағы жарияланымдар

Қор қазақ тілін БАҚ арқылы белсенді түрде насихаттап келеді. 2009 жылы Қор директоры 20-дан астам өз пікірін жариялап, «Хабар», «Астана», «Қазақстан», сондай-ақ, Қазақ радиосында тікелей эфир хабарларына қатысты. 30-дан астам сұхбат беріп, мақалалары «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Жас алаш», «Время», «Литер» және басқа басылымдарда жарық көрді.

Қордың 2010 жылы атқарған іс-шаралары

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің қауымдастығы

Қаңтар айында Астанада «Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары» атты семинар өткізілді. Іс-шара аясында Қордың бастамасымен және қолдауымен жаңа қоғамдық құрылым – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің қауымдастығы құрылды. Қауымдастықтың басты міндеті – оқушыларды қазақ тілінің болашақ басты тұтынушылары ретінде қалыптастыру және олардың отаншылдық сезімдеріне мемлекеттік тіл арқылы жол ашу; ата-аналар әлеуетін оқу үдерісіне жұмылдыру; орыстілді мектептер мен балабақшаларда қазақ тілін оқытудың жаңаша шешімдерін іздестіру мен әзірлеу.

Бүлдіршіндерге арналған қазақ тілі

«Бүлдіршіндерге арналған қазақ тілі» әдістемелері республикалық байқауы тіл үйретудегі инновациялық үдерістерді, тиімді әдістемелік құралдарды, осы саладағы ұстаздар ұжымы мен қоғамдық ұйымдарды ынталандыру, қолдау мақсатында ұйымдастырылды. Ақпан айында аталған байқаудың қорытындысын шығару шарасы Қор Қамқоршылық кеңесінің мүшесі – Президенттік Мәдениет Орталығының директоры Мырзатай Жолдасбековтың қатысуымен өтті.

Ерлік пен Жеңіс

Алматы қаласында маусым айында Жеңістің 65 жылдығы мен ұлтымыздың қаһарманы Б. Момышұлының туғанына 100 толуына орай «Ерлік пен Жеңіс» тақырыбындағы мектеп оқушылары шығармаларының байқауын қорытуға арналған баспасөз мәслихаты өтті. Байқаудың міндеті – оқушылардың отаншылдық тақырыбына, әсіресе Б. Момышұлының біртуар тұлғасына қызығушылығын туғызу және жасөспірімдерді сөз өнері мен қазақ әдеби тіліне бауыр бастыру. Әрбір жеңімпазға Қордың арнаулы дипломы, «Ұлан» газеті жас тілшісінің куәлігі, сондай-ақ «Beeline» компаниясынан ұялы телефоны тапсырылды.

Жастар – Отанға! жобасы

Тамыз айында Қор «Жас Отан» Жастар қанатының «Жастар–Отанға!» жобасы аясында ұйымдастырған білім беру инновациялық лагерінің жұмысына қатысты. Лагерьде еліміздің барлық өңірлерінен 18-29 жас аралығындағы жоғары оқу орындарының студенттері, мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік емес ұйымдар мен шағын және орта бизнес өкілдері, жеке кәсіпорындардың қызметкерлері мен жастар тобы бас қосты.

Шараның мақсаты – жастар, мемлекеттік мекемелер және бизнес өкілдері арасында олардың бойына сіңірген талант-қабілеттерін айқын көрсететін білім беру алаңдарын құру болып табылады. 1-11 тамыз аралығында өткен лагерьдің «Отаншыл» «Патриот» ауысымы аясында Қор Сараптамалық Кеңесінің мүшелері семинар-тренинг өткізіп, патриотизм мен қазақ тілі, тарихы және мәдениеті туралы пікір-талас, викториналық және дисскуссиялық ойындар өткізді.

Сондай-ақ, шарада «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының» Жобасы талқыланды. Қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен көркем әдебиеттер, қазақ тілін оқытудың әдістемелік құралдары табыс етілді.

Қазақ тілін кең насихаттағандары үшін

Маусым айында Халықаралық журналистер күніне орай баспасөз бен электронды БАҚ-да қазақ тілін кеңінен насихаттағандары үшін бірқатар журналистерге сыйлықтар тапсырылды. Қордың әрқайсысы 50 мың теңге көлеміндегі алғашқы үш ақшалай сыйлығына мына журналистер лайық деп табылды: «Ана тілі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Ержан Байтілес, «Казахстанская правда» газеті бас редакторының орынбасары Сәбит Малдыбаев, Шығыс Қазақстан облыстық «Рудный Алтай» газетінің тілшісі Қабдылқайыр Құдайбергенов.

Баян-Өлгий аймағының құрылғанына 70 жыл толуына орай

Шілде айында бір топ қазақстандық жастар Баян-Өлгий аймағының құрылғанына 70 жыл толуына орай Моңғолиядағы қазақ диаспорасының арасында бірнеше күн аялдап, қандастарымыздың хал-ахуалымен танысып қайтты. Делегация құрамы «Жас Отанның» белсенділерінен және жас өнерпаздардан жасақталды. Сапар барысында Қордың өкілдері Баян-Өлгий жастарына М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының аудио-дискілері, қазақ тіліндегі көркем және ғылыми әдебиеттер мен түрлі сөздіктер сыйға тартты.

«Қаламгер-Азамат» III Республикалық форумы

Тамыз айында Қор Астанада «Қаламгер-Азамат» III Республикалық форумын ұйымдастыруға атсалысты. Шарада 18-23 жас аралығындағы қазақтілді БАҚ-ң 100-ден астам өкілдері бас қосты. Ұйымдастырушылар форумға, ең алдымен, жас журналистердің шеберліктерін шыңдаудың, өзара идеялар мен пікір бөлісу, тәжірибе алмасу алаңы ретінде қарайды. Шараға қатысушыларға үш күндік бағдарлама аясында «Қазақ басылымдарының дамуы», «Қазақ интернет-журналистикасы», «Жаңалық сюжеттері мен телебағдарламалардың сапасы» сияқты тақырыптарды талқылау ұсынылды. Сонымен қатар, форум аясында тәжірибелі журналистер мен белгілі теле-жүргізушілердің, баспа және электрондық БАҚ-ның бас редакторларының шеберлік-сыныптары өткізілді.

Тілге құрмет – елге құрмет

Қыркүйекте «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Нығматулин Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тілге құрмет – елге құрмет» атты республикалық байқаудың жеңімпаздарын марапаттады. Мемлекеттік тілдің дамуына сүбелі үлес қосқан үздік ұйым аталымында Мемлекеттік тілді дамыту қоры мен «Медиа Астана» продюсерлік орталығы және Моңғолиядағы «Шұғыла» журналының редакциясы қошемет пен құрметке ие болды.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын талқылау

Қыркүйекте «Нұр Отан» партиясы мен Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жобасын талқылау үшін Дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шара барысында партия жанындағы жемқорлыққа қарсы медиа-орталықтың жетекшісі Берік Уәли, Мәдениет министрлігі Тіл комитеті төрағасының орынбасары Мұхит Нұртазин, Қордың директоры Азат Шәуеев пікір білдіріп, ұсыныстар айтты. Шарада айтылған ұсыныс-пікірлердің барлығы Мәдениет министрлігіне жолданды.

«ТІЛектестер ШАШУы» І жастар фестивалі

Қазан айында Астанадағы «Жастар» Сарайында Қордың ұйымдастыруымен **«ТІЛектестер ШАШУы»** атты І жастар фестивалі өтті. Шараның мақсаты – жастар арасында қазақ тілін насихаттау, олардың өз Отанына, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру және ұлттық, патриоттық тақырыптағы жаңа әндердің дүниеге келуіне ықпал ету. Ақысыз ұйымдастырылған бұл жастар фестиваліне 1000-нан аса көрермен жиналды. Концертке белгілі жұлдыздармен қатар жас әншілер қатысып («Бәйтерек», «Дабыл», «Аламан» топтары, Медет Шайкелов, Қасымхан Бұғыбай, Ғайни Жұмашева, Асқар Жайлаубаев және т.б.) ел мен туған жер, Отан және Ана тіліміз туралы патриоттық әндермен шашу шашты.

Мемлекеттік тіл және қазақстандық патриотизм - бәсекеге қабілетті мемлекетті құру факторы ретінде

Қараша айында Қор Көкшетау қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы мемлекеттік университетінде «Мемлекеттік тіл және қазақстандық патриотизм бәсекеге қабілетті мемлекетті құру факторы ретінде» атты республикалық конференция ұйымдастырды. Конференцияға «Қазақ газеттері» ЖШС-нің директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы, саясаттану ғылымдарының кандидаты Жұмабек Кенжалин, Қор директоры Азат Шәуеев, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің проректоры Аманай Сейітқасымов, Ақмола облысы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ғосман Төлеғұл және т.б. қатысты. Алқалы жиында қазіргі қоғамдағы тіл мәселесі жан-жақты талқыға түсіп, әр тараптан түрлі ұсыныстар ортаға салынды.

«Қырағы көз!» айлығы

Қараша айында Қор мен «Жас Отан» жастар қанатының «Қазақша сөйлесейік!» акциясы аясында «Қырағы көз!» айлығы өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты тауарлардың мемлекеттік тілде жазылған жапсырмалары, орамдары мен нұсқаулық мәтіндеріндегі қателерді анықтау болатын. Волонтерлар мен қала тұрғындары аралаған барлық сауда орталықтарынан қателерінен көз сүрінетін сауатсыз жапсырмалар анықталды. «Акция қорытындысы 100-ден астам отандық және шетелдік тауар өндірушілер өнімдегі жапсырмалардың қазақ тілінде дұрыс жазылуына селқос қарайтынын көрсетті. Акцияға қатысуға Астананың тұрғындары тартылды. «Жас Отан» жастар қанатының астаналық филиалына қазақ тіліне қате аударылған жапсырмаларды неғұрлым көп әкелген алғашқы 20 адам Қордың арнаулы сыйлықтарына ие болды.

«Қазақша білесің бе? Досыңа үйрет!» тілдік байқауы

Желтоқсан айында Астанада қор **«Қазақша білесің бе? Досыңа үйрет!»** тілдік байқауын өткізді. Байқауды Қор Қазақстан-Ресей университетінің (ҚРУ) негізінде ұйымдастырған болатын. Байқауды өткізуде өзара бірлесе оқып-үйрену қағидаты басшылыққа алынды: ҚРУ-дың мемлекеттік тілде сөйлейтін 20 ерікті студенті өз курстастарын «шәкірттікке» қабылдап, оларға екі айдың ішінде ауызекі қазақ тілін үйретуге тырысты. Байқау алдында әрбір «шәкірттің» тілді білу деңгейін анықтау үшін «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша тестілеу жүргізілді. «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша жобаға қатысушыларды қайта тексеру нәтижесі және қазылар алқасы мүшелерінің байқауға түскен «шәкірттермен» қазақ тілінде әңгімелесуі мұндай әдіспен тіл үйренудің мүмкін және нақты қолдан келетін іс екенін көрсетті. Байқау жеңімпаздары Қордың және BEELINE компаниясының арнайы дипломдары мен бағалы сыйлықтарына иеленді.

Қордың 2011 жылы атқарған іс-шаралары

Іргесі берік бірлік - тұғырлы тәуелсіздік

Желтоқсан айында Қор Тәуелсіздік мерекесіне орай Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп Алматыда ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері бас қосқан салтанатты форум ұйымдастырды. Қазақстан халқы Ассамблеясының басшылығы мемлекет ісіне үлес қосқан бір топ азаматқа «Ерен еңбегі үшін» және «Еңбегі сіңген қайраткер» медальдары мен арнайы гранттар тапсырды.

КВН телевизиялық Лигасы

Қаңтар-ақпан айларында Қор Алматы қаласындағы Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер Сарайында «Еларна» телеканалымен бірлесіп «КВН телевизиялық Лигасының» бірнеше хабарын ұйымдастыруға қолдау көрсетті.

Бұл теле-ойынға еліміздің ең үздік студенттер командаларымен қатар ТМД-ның да бірқатар командалары қатысты. Ойын шарты бойынша жастар арасында мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында командаларға түрлі қойылымдар көрсету тапсырылған болатын. Әзіл-қойылымдар мемлекеттік тілді меңгермеген жастарға ой салатындай сәтті шығып, теле-ойын барысында жастар арасында қазақ тілі кеңінен насихатталды. Теле-ойын 2011 жылдың ақпан-наурыз айларында прайм-тайм уақыттарында «Еларна» телеканалынан бірнеше рет көрсетілді.

«Азамат» жастар бағдарламасы

Наурыз айында Қордың тікелей бастамасымен «Еларна» телеарнасында апта сайын берілетін «Азамат» жастар бағдарламасының бірін Алматы қаласындағы сыртқы жарнамалардың қазақ тіліне сауатты аударылуы тақырыбына арналды. Хабарға өкілетті мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысып, осы тақырыпты қызу талқыдан өткізді. Хабар 2011 ж. 23 наурыз күні эфирге шықты.

Жастардың қазақ тілін насихаттау жөніндегі үздік жобасы байқауы

Алматыда наурыз айында Қор Жастардың қазақ тілін насихаттау жөніндегі үздік жобасы байқауының қорытындысын шығарды. Оған студент және оқушы жастардың екі жүзден астам өкілі қатысты. Байқауға «Еларна» телеарнасы ақпараттық қолдау көрсетті. Байқаудың мақсаты еліміздің мәдени кеңістігіне қазақ тілін енгізудің жаңа әдістерін іздеуге жас ұрпақтың қатысуын ынталандыру болды. Байқаудың қазақ тілін өрістетуге байланысты елеулі ұсыныстар берген тағы жеті қатысушысы Қордың арнаулы дипломдарымен марапатталды. Байқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі «Еларна» телеарнасының «Азамат» жастар бағдарламасында көрсетілді.

«Сонымен, солай дейік...»

Мамыр-маусым айларында мемлекеттік тілді кеңінен насихаттау мақсатында Қордың тікелей бастамасымен «Хабар» телеканалында күнделікті көрсетілетен «Сонымен, солай дейік...» атты ток-шоудың екі бағдарламасы қазақ тілі тақырыбына арналды. Олардың бірі – «Қазақ тілін оқыту курстары қаншалықты тиімді» - деген тақырыпқа арналса, екіншісі «Өзге ұлт өкілдеріне ауызекі қазақ тілін үйрену қиын ба?» - деген тақырыпта өтті. Бұл екі хабарға студенттер, жастар қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатысты.

«Тіл деңгейін бағалау құралдарын әзірлеу және оларды жетілдіру» тренингі

Маусым айында Қор Астанада Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде «Ұлттық тестілеу орталығымен» бірлесіп «Тіл деңгейін бағалау құралдарын әзірлеу және оларды жетілдіру» тақырыбында тренинг ұйымдастырды. Мақсаты: Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ-ті жетілдіру, қазақ тілін оқыту, үйрету және тіл меңгеру үдерісінде халықаралық тіл меңгеруді бағалау жүйелерінің тәжірибелерін пайдалану. Тренингті ҚАЗТЕСТ жүйесі тапсырмаларының әзірлемешілері, сарапшылары, тестілеуді ұйымдастыру бойынша менеджерлері, қазақ тілін оқыту орталықтары қызметкерлері, мемлекеттік тілді дамытудың аймақтық басқарамаларының қызметкерлері үшін ETS ұйымының белгілі сарапшысы Дэвид Баум өткізді. Тренинг нәтижесі бойынша әйгілі ұйымның сертификаты берілді.

Қазақ тілін насихаттауға қосқан үлесі үшін

Маусым айында Қор жыл сайын берілетін «Қазақ тілін насихаттауға қосқан үлесі үшін» журналистік сыйлығының жаңа жүлдегерлерінің есімдерін жария етті. Биылғы сыйлыққа республикалық БАҚ-тың үш өкілі: Ғабит Мүсіреп («Нұр Астана» газетінің Бас редакторы), Максим Рожин («7 телеарнаның» журналисі), Әлия Кенжебаева («Астана» телеарнасының журналисі) ие болды.

Бұл журналистік марапаттың көздегені Қазақстандағы тілдік жағдайды жан-жақты және шынайы саралап, қазақ тілінің қоғамдағы орны мен маңыздылығы туралы танымды материалдар әзірлеп жүрген, өз кәсібінде қазақ тілін кеңінен пайдаланатын да, насихаттайтын баспа және электронды БАҚ-тардың өкілдерін ынталандыру еді. Бұл сыйлық 2010 жылы журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында тағайындалған болатын.

Жас тілшілер форумы - «Ел еңсесі Егемендік»

Тамыз айында қор Алматы қаласында «Заңғар» шығармашылық бірлестігі, «Қаламгер – Азамат» Жас тілшілер» Қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Жастарды қолдау және оларға қамқорлық жасау» саясаты аясында, Тәуел-сіздігіміздің 20 жылдығына орай, «Ел еңсесі – Егемендік» атты IV Республикалық «Қаламгер – Азамат» жас тілшілер форумының өтуіне қолдау көрсетті.

Форумның басты мақсаты – жастарды отансүйгіштікке, елжандылыққа шақыра отырып, олардың жүрегіне патриоттық сезім орнатуға үлес қосу, өскелең ұрпақтың кәсіби біліктілігін шыңдайтын, заманауи заңдылықтарды меңгертуге мүмкіндік туғызу. Ақпараттық тәжірибе алмасу бағытында түрлі саладағы журналистиканың қыр-сырын үйренуге талпынған жас буынның басын қосып, жинау болып табылады.

Форум аясында мемлекеттік тілді насихаттау, мәдениет, әдебиет, ғылым, ұлттық салт-дәстүр және қазақ интернет-журналистикасы мәселелері бойынша мастер – кластар мен семинар – тренингтер өтті. Мемлекеттік тілдегі интернет-журналистиканың кәсіби деңгейін арттыруды дамытуға бағытталған әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстар көрсетілді.

«Елбасы және мемлекеттік тіл» жинағы

Маусым айында Қор Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен бірлесіп Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арнаған жаңа жобаларының бірі – «Елбасы және мемлекеттік тіл» атты жинағын жұртшылыққа тарту етті. Жинақтың шығуына «ҚазМұнайГаз» ҰК» Акционерлік қоғамы қолдау көрсетті.

Жиналған қауымға жаңа басылымды Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлы, «Егемен Қазақстан Республикалық газеті» Акционерлік қоғамының Президенті, Қордың Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі Сауытбек Абдрахманов, Қордың директоры Азат Шәуеев және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Баспасөз хатшысы Ғалым Тұмабаев таныстырды. Бұл еңбекті әзірлеудегі басты мақсат – Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың мемлекеттік тіл мәселесіндегі сындарлы саясатын, жетекші рөлін көрсету. Сондай-ақ, бұл еңбекке соңғы жиырма жыл ішінде тіл мәселесіне қатысты қабылданған бағдарламалық құжаттар мен нормативтік-құқықтық актілер және де тілші ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің түрлі басқосуларда жасаған баяндамалары, сөйлеген сөздері мен ұсыныс-пікірлері берілген. Жинақтың таралымы 2 мың дана және олардың басым бөлігі кітапханаларға, мектептер мен жоғарғы оқу орындарына, қазақ тілі орталықтарына тегін таратылды.

www.balbulaq.kz, www.economika-qun.kz және www.kazmunai.kz сайттарының ашылуы

Қыркүйек айында Қор «ҚазМұнайГаз» ҰК Акционерлік қоғамының қолдауымен әзірленген балаларға арналған «balbulaq.kz» танымдық порталының, экономикалық тақырыптағы «economika-qun.kz» және мұнай, газ тақырыбына арналған «kazmunai.kz» деп аталатын үш интернет-сайттың ашылу рәсімін өткізді. Жиналған қауымға жаңа сайттарды Қордың директоры Азат Шәуеев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Баспасөз хатшысы Ғалым Тұмабаев, «ҚҰН+К» ЖШС редакторы Берік Әшімов, «Абай-ақпарат» қазақ Интернет кеңістігін дамыту қоры» қоғамдық қорының президенті Дәурен Қуат, «Назар» Қазақ журналистерінің Қоғамдық қорының PR-менеджері Жандос Смайылов таныстырды. Мемлекеттік тілдің электрондық-ақпараттық кеңістікте дамуын қамтамасыз ету мақсатында отандық сайттарға қолдау көрсету Қордың басты басымдықтарының бірі болып табылады. Мысалы, 2009-2010 жылдары қазақтілді интернет кеңістігінде жоғары қолданыс көрсеткішіне ие болған 6 түрлі бағыттағы жаңа интернет-сайттар Қордың қолдауымен ашылған болатын.

«balbulaq.kz» «economika-qun.kz» «kazmunai.kz»

«balbulaq.kz» сайтында бастауыш класс оқушыларына арналған оқу-әдістемелік құралдар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, мультфильмдер мен басқа да түрлі бағыттағы ақпараттық-танымдық материалдар топтастырылған. Портал 6-10 жас аралығындағы балаларға арналған.

«economika-qun.kz» сайтынан еліміздің экономикасының бүгінгі тыныс-тіршілігін, қаржы және экономика салалары бойынша ақпараттық-сараптамалық материалдарын, сарапшылардың ой-пікірлерін, экономикалық терминдер сөздіктері мен валюта көрсеткіштерін, осы саладағы нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тілде көруге болады.



«kazmunai.kz» өз қолданушыларын мұнай және газ өндірісі саласының жаңалықтарымен, осы саланың даму тарихы және ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдарымен қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар отандық және халықаралық мұнай және газ өндірісі салалары нарығындағы өзгерістермен ақпарат-тандырып отырады.

ЕҚЫҰ аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының аға кеңесшісі Александр Винниковпен кездесу

Қыркүйек айында Қордың директоры Азат Шәуеев Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының аға кеңесшісі Александр Винниковпен кездесті. Кездесу барысында ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары Кнут Воллебектің Қазақстанға алдағы сапары жайы сөз болды. Сонымен қатар олар Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты мәселелерін ортаға салды.

«Қазақша сөйлесейік!» акциясы

Қыркүйек айында Қор мен «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанаты жыл сайынғы «Қазақша сөйлесейік!» акциясын өткізді. Акцияны ұйымдастырушылар күнделікті өмірде жиі қолданылатын ауызекі сөйлеу үлгілері, қазақ және орыс тілдерінде қажетті сөздер мен сөз тіркестері берілген «Дүкен – Магазин», «Дәріхана – Аптека», «Поезда – В поезде», «Ұшақта – В самолете», «Асхана – Столовая», «Қоғамдық көлік – Общественный транспорт», «Кинотеатр – Кинотеатр» тақырыптарына арналған буклеттер мен плакаттар әзірледі.

Акция аясында қоғамдық көліктерде, ұшақтар мен жолаушылар тасымалдайтын поездардың ішіне және темір жол вокзалдары мен әуежайларда мемлекеттік тілді өз бетінше үйренуге арналған арнайы плакаттар ілініп, жолаушылар арасында орысша-қазақша шағын тілдескіштері бар буклеттер еліміздің барлық аймақтарында таратылды.

«ТІЛектестер ШАШУы» атты II фестивалі

Қазан айында Қор Астанада «ТІЛектестер ШАШУы» атты II фестивалін өткізді. Фестивальдің мақсаты – жастар арасында қазақ тілін насихаттау, олардың өз Отанына, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру және патриоттық тақырыптағы жаңа әндердің пайда болуына ықпал ету. Концертке елімізге белгілі жұлдыздармен қатар жас әншілер қатысып, ел мен туған жер, ана тіліміз туралы патриоттық әндермен шашу шашты. Концертті 800-ге жуық астаналықтар мен Елорда қонақтары тамашалады.

«Қазақшаңыз қалай?» тілдік байқауы

Желтоқсан айында Астана қаласының Балалардың құқықтарын қорғау департаменті мен Қордың қолдауымен «Қазақшаңыз қалай?» атты балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында тілдік байқауы өтті. Байқаудың мақсаты оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын молайту, ойларын көркемдеп жеткізу дағдысына қалыптастыру. Сондай-ақ, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру, мемлекеттік тілге, қазақ мәдениетіне деген өзге ұлт өкілдерінің ықыласын арттыру, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өнерін жұртшылыққа таныту.

Қазақша білесің бе? Досыңа үйрет!» II тіл байқауы

Желтоқсан айында Қор Астана Политехникалық колледжінде «Қазақша білесің бе? Досыңа үйрет!» атты жаңаша үлгідегі тіл байқауын өткізді. Байқаудың басты мақсаты – студент жастардың мемлекеттік тілді үйренуіне ықпал ету және оларды ынталандыру. «ҚАЗТЕСТ» жүйесі және қазақ тілінде жеке әңгімелесу арқылы тіл үйренушілердің қазақ тілін қандай деңгейде меңгергені бағаланып, байқау жеңімпаздары анықталды. Жүлделі орындарды иеленген жастар Қордың арнайы дипломымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Қордың 2012 жылы атқарған іс-шаралары

«Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» олимпиадасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен 2012 жылғы 5-7 қаңтар аралығында Астана қаласында қазақ тілінен өзге ұлт оқушылары арасында «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» VI республикалық қашықтық олимпиадасын өткізді.

Олимпиаданы өткізудің басты идеясы – Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, мемлекеттік тілді қолданудың басты бағыттарын анықтау, кең көлемде қолдануды жариялау және өзге ұлт оқушыларының арасында оқып-үйрену сапасын арттыру.

Олимпиаданы өткізу Ережесіне сәйкес жеңімпаздар I, II және III дәрежелі дипломдар мен номинациялар бойынша мақтау қағаздарымен марапатталды.

Астаналық оқушылар арасындағы қалалық Дебат турнирі

2012 жылдың наурыз айында №52 мектеп-гимназиясында Астана қаласының Балалардың құқықтарын қорғау департаменті Мемлекеттік тілді дамыту қоры, «Жас Отан» жастар қанатының

қолдауымен Қалалық Дебат турнирін өткізді.

Дебат турниріне қала мектеп оқушыларынан 49 команда яғни, қала мектептерінің 25-і қатысты. Турнир қорытындысы бойынша «Үздік спикер», «Үздік төреші» атағын иеленген турнир жеңімпаздарына Астана қаласының Балалардың құқықтарын қорғау департаментінің грамоталары мен сертификаттары және Мемлекеттік тілді дамыту қоры мен «Жас Отан» жастар қанатының арнайы сыйлықтары тапсырылды.

ҚР Құрлық әскерлері мемлекеттік тілді дамыту мамандарының әдістемелік жиыны

2012 жылғы 18-20 сәуір аралығында Семей қаласында Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлері мемлекеттік тілді дамыту мамандарының 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша ұйымдастырылған әдістемелік жиыны өтті.

Әдістемелік жиынның мақсаты - мемлекеттік тілді одан әрі қолдану мен дамытудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған шаралар кешенінің жүйесін қалыптастыру. «Үздік оқытушы – офицер», «Үздік маман», «Әскери ақын» сайысын өткізу және жеңімпаздарды анықтау; әскери қызметшілердің күнделікті қызметіндегі мемлекеттік тілді қолдануын талап ету және материалдық қамтамасыз ету базаларының заманауи технологияларының жолдарын көрсету.

Жиын барысында жүлделі орындарды иеленген әскери қызметшілерге арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар таратылды.

Саяси қуғын-сүргіннің 75 – жылдығына арналған байқауы

2012 жылдың 16 мамырында саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен үздік зерттеу жұмыстарына арналған байқаудың қорытындысын шығарды.

Жаппай саяси қуғын-сүргіннің 75 жылдығына арналған бұл конкурс «Сіз бұрынғы КСРО халықтарының қуғын-сүргіні мен жер аударылуы туралы не білесіз?», «Сіздің отбасыңызға қуғын-сүргіннің әсері болды ма?», «Бұл қасірет енді ешқашан қайталанбасын» атты тақырыптар бойынша өткізілді.

Конкурсқа барлығы 37 жұмыс келіп түсті. Қатысушылар өздерінің жұмыстарында тарихтың «ақтаңдақ» болған беттеріне шолу жасап, саяси қуғын-сүргіннің мағынасына ғылыми тұрғыдан талдау жасады. Конкурстың жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар мен грамоталар табыс етілді, сондай-ақ, жақсы материалдар жинаққа шығарылып, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланды.

«Тарих ата» Республикалық қашықтық Олимпиадасы

2012 жылдың 17-19 мамыр күндері Қор ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесе отырып, 5-10 сынып оқушылар арасында «Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасының қорытындысын шығарды. Олимпиаданың қорытынды кезеңі Бурабай өлкесінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында ұйымдастырылды (Ақмола облысы, Щучье қаласы).

Олимпиаданың мақсаты – оқушылардың туған елінің тарихын танып білуге қызығушылықтарын арттыру, өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Жеңімпаздарға Қордың арнайы сыйлықтары мен «Дарын» РҒПО грамоталары, дипломдары және барлық қатысушыларға сертификаттар тарту етілді.

Халықаралық балаларды қорғау күні

Қор 1 маусым – Халықаралық Балаларды қорғау күніне орай жас суретшілер байқауында үздік нәтиже көрсеткен бірқатар оқушыларға бағалы сыйлықтар табыс етті.

Сонымен қатар, Ақмол ауылының мүгедек балаларына арнап Қор **«Жүрегіммен көріп, жаныммен сезінемін»** атты мерекелік шара өткізді.

Мерекелік шараның мақсаты – мүгедек балалардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамытып, туған елін танып білуге қызығушылықтарын арттыру, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу және мемлекеттік тілді оқып, үйренуді ынталандыру.

Аталған шараға қатысқан барлық балаларға әлемдік классика шығармаларының қазақ тіліндегі үлгілері мен Мемлекеттік тілді дамыту қорының арнайы сыйлықтары тарту етілді.

«Өзін-өзі тану» байқауының марапаттау рәсімі

2012 жылдың 27 тамызында Астана қаласының Балалардың құқықтарын қорғау департаменті Қордың қолдауымен ағымдағы тамыз конференциясының аясында «Үздік «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі – 2012» атты сырттай байқауының марапаттау рәсімін өткізді.

Байқаудың мақсаты – адамның рухани дамуы бағдарламасының жүзеге асырылуы жөнінде өзін-өзі танушы педагогтардың жұмысы туралы жұртшылықты хабардар ету, балаға аса қамқорлықпен және түсіністікпен қарайтын шығармашыл өзін-өзі танушы педагогтарды қолдау. Байқау жеңімпаздарына Астана қаласы Балалардың құқығын қорғау департаментінің дипломдары мен Қордың арнайы сыйлықтары тарту етілді.

«Қазақшаңыз қалай?» байқауы

2012 жылдың 26 қыркүйегі күні Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесіне орай Астана қаласының кәсіптік білім беру колледждерінің өзге ұлт оқушылары арасында Қордың қолдауымен **«Қазақшаңыз қалай?»** атты қалалық байқауы өтті.

Байқау кәсіптік білім беру колледждерінің оқушылары арасында өз тобын таныстыруы, әншілік қабілетін танытуы, көркем сөз оқу шеберлігін арттыруы, тақырып бойынша көрініс көрсетуі, мақал-мәтелдер туралы білімдерін кеңейту бойынша жүзеге асырылды. Аталған жеңімпаздар алғыс хаттар мен арнайы сыйлықтармен марапатталды.

«Мемлекеттік тіл – мәртебеміз!» байқауы

Астанада Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен «Ұлттық прогресс үшін» жас мамандар кеңесі» Қоғамдық қоры Қазақстан-Ресей университеті базасында мемлекеттік тілді білу деңгейі бойынша өзге ұлт балалары мен жастары арасында «Мемлекеттік тіл – мәртебеміз!» атты республикалық байқау өткізді. Байқауға еліміздің барлық өңірлерінен оқу орындарының оқушылары мен студенттері қатысты

.

Мектеп-интернаттың тәрбиеленушілеріне кітаптар сыйға тартылды

2012 жылдың 29 қарашасы күні Мемлекеттік тілді дамыту қоры Арнайы түзету мектеп-интернатының оқушыларына мемлекеттік тілдегі 100 кітап пен дискілер сыйға тартты. Бұл әлем ертегілері, оқушыларға арналған энциклопедиялар, танымдық балалар әдебиеті және аудиодискідегі қазақ ертегілері. Бұл шараның мақсаты балалардың арасында мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, оларды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, көп ұлтты Отанымызға деген мақтанышын арттыру, қазақ әдеби тілін үйренуге баулу және өскелең ұрпақтың шығармашылық қабілетін арттыру.

Қордың 2013 жылы атқарған іс-шаралары

Өзге ұлт өкілдерінің арасында қазақ тілінен олимпиада

Астанада 5-10 сыныпта оқитын өзге ұлт өкілдерінің арасында «Тіл – тәуелсіздіктің символы» атты VI республикалық қашықтықтан өтетін олимпиада өтті.

Олимпиаданы Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауына сүйене отырып Білім және ғылым министрлігінің жанындағы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталық өткізді.

Мемлекеттік тілді үйренуге құлшыныс танытқан оқушылардың талабын шыңдау мақсатында жыл сайын ұйымдастырылатын олимпиада екі кезеңде өтті. Онлайн режимінде өткен бірінші кезеңге 703 оқушы қатысты.

Қалалық дебат турнирі

Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен 22-23 сәуір күндері Астанада Балалардың құқықтарын қорғау қалалық департаменті мен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті мұражайы бірлесіп ұйымдастырған қала оқушылары арасында дебат турнирі өтті.

Турнир мектеп оқушыларының әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін көтеру, сонымен қатар, балалалардың әлеуметтік бастамаларын қолдау мақсатында өткізілді.

Дебат турниріне Астана қаласының мектеп оқушыларынан құрылған 38 команда қатысты.

Турнир қорытындысы бойынша «Үздік спикер», «Үздік төреші» атағын иеленген турнир жеңімпаздарына естелік сыйлықтар, грамоталар және алғыс хаттар тапсырылды.

Қазақ тілінде шығарма жазу байқауы

5-11 сәуір күндері Астана қаласының № 4 және № 51 мектеп-гимназиясы мен Алматы қаласының № 123 мектебі оқушыларының арасында «Арман! Еңбек! Сенім!» тақырыбына қазақ тілінде шығарма жазу байқауы өтті.

Байқауға қатысқан 190 оқушының арасынан ең үздіктерін анықтау үшін арнайы комиссия құрылды. Жеңімпаздарға «Жас Отан» Жастар Қанатының грамоталары мен Мемлекеттік тілді дамыту қорының естелік сыйлықтары тапсырылды.

«Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім» олимпиадасы

Шетелде тұратын қазақ диаспорасының ерекше дарынды балаларын анықтау және оларға қолдау көрсету мақсатында, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми – практикалық орталығы ТРК «Қазақстан» және Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен 2013 жылғы 24-28 маусым аралығында Астана қаласында оныншы рет алыс – жақын шет елдердегі қазақ диаспорасының дарынды балалары үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен оқушылардың «Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім» атты X Халықаралық олимпиадасын өткізді.

Дәстүрге айналған олимпиадаға тұңғыш рет Германия, Австрия, Голландия, Венгрия, Түркия мемлекеттерімен қатар Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Түркіменстан, Қытай, Ресей Федерациясының Мәскеу, Омск, Самара және Алтай өлкесінен құрама командалары қатысты.

Олимпиаданың жабылуы рәсімі кезінде қазылар алқасының шешімі бойынша жоғарғы 10-11-12 сынып оқушылары арасынан 15 оқушы жеңімпаз атанды.

«Qazaqsha-online» интернет-порталын жасау қолға алынды

2013 жылғы шілде айында Астанада мемлекеттік тілді тегін оқытатын «Qazaqsha-online» Интернет-порталының жасалуына арналған баспасөз конференциясы өтті. Жоба Мемлекеттік тілді дамыту Қорының бастамасы бойынша «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған міндеттерді орындау мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры мен «Samsung Electronics Kazakhstan and Central Asia» Компаниясының қолдауымен жүзеге асырылды.

Онлайн курс тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу бағдарламасы қазақ тілін тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жедел меңгеруге және тіл үйренушілерге алынған білік-дағдыларын күнделікті өмірде еркін пайдалана алуға мүмкіндік берді. Бағдарламада тілдік құзыреттің барлық түрі: сөйлесім, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері толық қамтылған. Жобада үйренуге тиімді оқу материалдары мен ақпараттық жүйедегі жаңаша мультимедиялық мүмкіндіктер (графикалық суреттер мен анимация түрлері, аудио және бейне материалдар) үйлестіре берілген.

Баспасөз-конференциясы барысында «Мемлекеттік тілді дамыту» Қоры және «Samsung Electronics Kazakhstan and Central Asia» Компаниясы өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

«Жаңа патриотизм – бүгінгі жастардың тұрақты болашағының негізі»

2013 жылғы 23 тамызда Мемлекеттік тілді дамыту қоры Қарағанды қаласында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Конституция күніне орайластырып, «Жаңа патриотизм – бүгінгі жастардың тұрақты болашағының негізі» тақырыбында жастар арасында дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелге жастардың қазіргі адамгершілік ахуалын, Отанға деген сүйіспеншілігі мен патриоттық көңіл-күйін талқылауға ықылас білдірген қазақстандық және шетел жоғары оқу орындарының студенттері мен түлектері жиналды.

Қор Конституция Күніне кітаптар сыйға тартты

«Қазақстан – 2050» стратегиясында Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуының бірнеше басым бағыттары айқындалған. Соның бірі – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі ретіндегі жаңа қазақстандық потриотизмді қалыптастыру болып табылады. Конституция Күні қарсаңында Қор «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» мен «Балақай» балабақшасында кездесулер өткізді.

Кездесу кезінде Қор «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» мен «Балақай» балабақшасының тәрбиеленушілеріне мемлекеттік тілдегі 120 кітап пен дискілерді сыйға тартты.

«Ұлттық мәдениетіміздің мәйегі – халық аспаптары мұражайы»

2013 жылғы 29 тамызда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ықылас Дүкенұлы атындағы халық аспаптары мұражайында Мемлекеттік тілді дамыту қорының ұйымдастыруымен мазмұнды басқосу болып өтті. Дөңгелек үстел басына жиналған зиялы қауым өкілдері, мұражай мамандары мен Қор сарапшылары құнды тарихи жәдігерлер сақталған осы мұражайдың қоғамның барша мүшелерінің, әсіресе өскелең ұрпақтың мәдениетіміз бен тарихымызға деген қызығушылығын, олардың патриоттық сезімін арттырудағы, тарихи-мәдени мұраларды білуге әрі құрметтеуге үйретудегі алатын орны мен маңызына ерекше тоқталды.

Қазақ тілі – біздің рухани қазығымыз

2013 жылғы 12 қыркүйекте Мемлекеттік тілді дамыту қоры ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ақмола облысындағы саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде алқалы жиын өткізді.

Жаңа қазақстандық патриотизм тақырыбына арналған бұл шара алдағы Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесіне орай өткізілді. Жиынға Қор жанындағы сарапшылар тобының мүшелері, зиялы қауым өкілдері, Ақмол ауылындағы № 5 орта мектепің жоғарғы сынып оқушылары мен ұстаздары, мұражай қызметкерлері қатысты.

Бұл басқосуды өткізудегі мақсат жас ұрпақтың рухани-білімі мен интеллектуалды-мәдени деңгейін көтеру, оларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге ықпал ету болды. Жиын соңында қор қызметкерлері мектеп оқушылары мен ұстаздарына қазақстандық және әлемдік классиктердің көркем шығармаларын тарту етті.

«Жаңа патриотизм – көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі»

2013 жылғы 26 қыркүйекте ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Мемлекеттік тілді дамыту қорының ұйымдастыруымен «Жаңа патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» атты республикалық конференциясы өтті.

Конференцияға қоғамдық және жастар ұйымдарының өкілдері, ғалымдар, қазақстандық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, Қор Камқоршылық және Сараптамалық кеңесінің мүшелері қатысты. Конференция соңында мемлекеттік тілдің рөлін арттыру арқылы жаңа қазақстандық патриотизімді қалыптастыру, жастарға патриоттық тәрбие беру жүйесін жетілдіру бойынша іс-қимыл жоспарының жобасына ұсынымдар жинақталды.

«Мемлекеттік тіл – менің тілім»

2013 жылғы 12 қазан күні Астана қаласы Ғ.Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясында Мемлекеттік тілді дамыту қоры ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында оқушылар арасында өткен республикалық шығарма жазу байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімін өткізді.

Байқаудың мақсаты оқушылардың Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, оларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, мемлекеттік тілге, қазақ мәдениетіне, көп ұлтты Отанымызға деген мақтаныш қалыптастыру және өскелең ұрпақтың шығармашылық қабілетін арттыру. Байқау жеңімпаздары дипломдар мен арнайы сыйлықтарға ие болды.

«Қазақтілді сайттардың ұлттық сыйлығы» байқауы

2013 жылғы 10 желтоқсанда Қор Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Астана қаласының Ұлттық баспасөз-клубында байқаудың қорытындысына арналған баспасөз-конференциясын өткізді. Байқауға қатысуға барлығы 12 өтінім түсті. Байқау комиссиясы жеңімпаздарды 5 аталым бойынша анықтады.

«Өткір тіл» аталымы бойынша мемлекеттік тіл мен ұлттық құндылықтарды насихаттаушы үздік интернет-сайт болып **www.ult.kz** ақпараттық порталы таңдалды.

«Рухани азық» аталымы бойынша үздік болып әдебиет пен мәдениетті насихаттаушы **www.massagan.com** интернет-сайты дараланды.

«Терең ізденіс» аталымы бойынша тарихымызды насихаттаушы **www.abay.kz** сайты үздіктер қатарына шықты.

Ал «Шынайы өмір» аталымы бойынша қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеретін **www.minber.kz** және «Спорт тынысы» номинациясында спорт және салауатты өмір салтын насихаттаушы **www.alasharena.kz** сайты үздік деп танылды.

Байқау жеңімпаздарының әрқайсысы бас демеуші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 150 000 (жүз елу мың) теңге көлеміндегі ақшалай сыйлығымен, әрбір аталым бойынша әзірленген статуэткамен және Мемлекеттік тілді дамыту қорының арнайы дипломымен марапатталды.

«Патриотизм менің өзімнен басталады»

2013 жылдың 7 қарашасында Мемлекеттік тілді дамыту қоры ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырмасы бойынша жоғары сынып оқушыларымен «Патриотизм менің өзімнен басталады» тақырыбында кездесу өткізді.

Шараның мақсаты – жастарды отансүйгіштікке,танымдық белсенділігін дамытуға, жеке тұлғаның жан-жақты дамып қалыптасуына ықпал ету, патриоттық құндылықтар ұғымын – мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін сақтау, мемлекеттік тілді, еліміздің тарихы мен мәдениетін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіруді насихаттау, патриоттық тәрбиеге деген жаңаша ұстанымды қалыптастыру.

Барлық жиналғандар қазіргі жастар өз елінің патриоты деген мақтан тұтарлық атқа ие болуға лайықты және бұл жерде қазақ тілінің рөлінің маңызы жоғары деген ортақ ойға келді. Жиын соңында оқушылар Қордың арнайы сыйлықтарына ие болды.

Мемлекеттік тіл – мемлекет тірегі

2013 жылғы 25 қараша күні Алматы қаласында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қор «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Мемлекеттік тіл – мемлекет тірегі» тақырыбында жастармен кездесу өткізді.

Басқосуда еліміз үшін аса маңызды мәселе – мемлекеттік тілдің келешегі төңірегінде ой бөлісіп, пікірлер айтылды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» екенін халыққа жеткізе отырып, мемлекеттік тілді өркендетуді ел саясатының ең маңызды бағыттарының біріне айналдырғаны туралы айтылды. Жиын соңында жастар мемлекеттік тіл рөлінің, оның елдің қоғамдық өмірінің барлық салаларында қажеттілігінің артуы және Елбасының қазақ тілінің мәртебесін дамытуда және арттыруда ерекше бірізділігін ерекше атап өтті.

Менің Қазақстаным – менің болашағым

2013 жылғы 29 қарашада ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қор ҚР Тұңғыш Президенті күніне орайластырып «Менің Қазақстаным – менің болашағым» атты республикалық конференцияны өткізді. Конференцияға қоғамдық және жастар ұйымдарының өкілдері, ғалымдар, мектеп мұғалімдері, қазақстандық жоғары оқу орындарының оқытушылары, Қор Сараптамалық кеңесінің мүшелері, студенттер мен оқушылар қатысты. Жиын соңында Мемлекеттік тілді дамыту қоры мектеп оқушылары мен ұстаздарына қазақ тіліндегі отандық және әлемдік классиктердің көркем шығармаларын тарту етіп, конференция қатысушылары Астана қаласының №1 Музыкалық мектебі оқушыларының концерттік бағдарламасын тамашалады.

“Батырлардан өнеге”

2013 жылғы 6 желтоқсан күні Астана қаласында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен №52 мектеп-гимназиясында Мемлекеттік тілді дамыту қоры «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында «Батырлардан өнеге» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында өткен батырлар жырларын мәнерлеп оқу сайысының жеңімпаздарын марапаттау рәсімін өткізді.

Байқаудың мақсаты жас ұрпақтың бойына батыр бабаларымыздың, аға ұрпақтың ерлік дәстүрлерін, рухани-парасаттылық, патриоттық құндылықтарды қалыптастыру және өскелең ұрпақтың шығармашылық қабілетін арттыру. Байқау талабы бойынша сайысқа Астана қаласының әр мектебінен бір оқушыдан қатысты.

Оқушылар батыр бабаларымыздың ерлік істерін баяндайтын батырлар жырынан үзіндіні жатқа айтты. Сайысқа қатысушы оқушылардан сөйлеу мәнері (мәнерлеп оқуы, дауыс ырғағы), актерлік шеберлігі (сахнада өзін-өзі ұстауы, іс-әрекеттің ұтымдылығы), сахна мәдениеті (сыртқы көрінісі, киімі) талап етілді. Байқау жеңімпаздары Қордың дипломдары мен арнайы сыйлықтарына ие болды.

Қазақ тілі енді online режимінде

«www.soyle.kz» – Қазақстанда тұңғыш рет мемлекеттік тілді онлайн режимінде тегін оқытатын Интернет-портал іске қосылды.

2013 жылдың желтоқсан айында Астанада Қор мемлекеттік тілді тегін оқытатын **«www.soyle.kz»** Интернет-порталының ашылу рәсімін өткізді. Бұл жоба «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған міндеттерді орындау мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысының Қоры мен «Samsung Electronics Kazakhstan and Central Asia» Компаниясының қолдауымен жүзеге асырылды.

Жобаны әзірлеу барысында филология ғылымдарының докторы, профессор Айман Алдаш жетекшілік еткен шығармашылық топ (тілші ғалымдар, әдіскерлер мен оқытушылар) жұмыс істеді.

Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры, онлайн курс идеясы мен концепциясының авторы Азат Шауеев өз сөзінде: «Soyle.kz» порталында орналастырылған барлық сабақ материалдары, танымдық-ақпараттық материалдар тіл үйренушілердің қазақша сөйлеп үйренуі үшін ұсынылып отыр. Біздің түпкі мақсатымыз – қазақ тілін үйренем деушілерге барынша көмектесіп, сабақтарды мейлінше қарапайым, мейлінше түсінікті түрде тегін үйрету. Қазіргі таңда интернет жүйесінде қолжетімді (тегін) онлайн курс жоқ. Сондықтан да біз тілдерді оқытудың халықаралық және отандық іс-тәжірибесінің тиімді тұстарын зерттеп-зерделеп, сараптай келе, қазақ тілін оқытудың онлайн курсын әзірлеуді қолға алдық. Бұл, әрине, мемлекеттік тілді оқыту мәселесінде айтулы қадам. Қазіргі заманда тек ақпараттық технологиялар ғана мемлекеттік тілді жалпыға бірдей оқытуды қамтамасыз ете алады» – деді.

Ашылған күннен бергі аз уақыт ішінде порталға еліміздің барлық аймақтарынан және РФ, ҚХР, АҚШ сияқты шет мемлекеттерден 40 мыңнан астам пайдаланушы кірген болса, тіркеліп оқып жатқандардың саны 6 мыңнан асты.



Қордың 2014 жылы атқарған іс-шаралары

«Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы»

Қаңтар айында ақыл-ой және рухани дамудың, қарым-қатынастың құралы ретінде қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылық танытқан дарынды оқушыларды қолдау және анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен өзге ұлттың 5-10 сынып оқушылары арасында қазақ тілінен «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» VIII республикалық қашықтық олимпиадасын өткізді. Олимпиадаға 5-10 сыныптарда оқитын өзге ұлт өкілдерінің оқушылары қатысты.

«Батырлардан өнеге»

Сәуір айында Астана қаласының № 2 Қосшы орта мектебінде Мемлекеттік тілді дамыту қоры «Алдаспан» қоғамдық қорымен бірлесіп, Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күніне арналған «Батырлардан өнеге» атты 5-10 сынып оқушылары арасында батырлар жырларын мәнерлеп оқу сайысын өткізді.

Байқаудың мақсаты өскелең ұрпақтың бойына батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін, рухани-парасаттылық, патриоттық құндылықтарын қалыптастыру, мемлекеттік тіліміз бен төл тарихымызды құрметтеуге баулу, оқушылардың көркем сөйлеу шеберлігін арттыруға ықпал ету және отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Балаларды қорғау күні

Балаларды қорғау күні қарсаңында Мемлекеттік тілді дамыту қоры Астана қаласында жаңадан ашылған № 76 балабақшасының тәрбиеленушілеріне қазақ тіліндегі кітаптар пен дискілер сыйға тартты. Бұл әлемдік және қазақ классиктерінің еңбектері, мектепке дейінгі оқушыларға арналған энциклопедиялар, танымдық балалар әдебиеті және қазақ ертегілерінің аудиодискілері.

Шараның мақсаты өскелең ұрпақтың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, оларды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, Отанымызға деген мақтанышын арттыру, қазақ әдеби тілін үйренуге баулу және балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

Қазақстандық жастардың 70 пайыздан астамы мемлекеттік тілде еркін сөйлейді

Мемлекеттік тілді дамыту қоры жастар арасында мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында «www.soyle.kz» интернет-порталының парақшасында әлеуметтік сауалнама өткізді.

Сауалнамаға қатысушыларға мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне қатысты бірнеше жауап нұсқалары ұсынылды. Сауалнама нәтижесі жастардың 77.7% қазақ тілінде еркін сөйлейтінін, 10.3 % ауызекі сөйлеу деңгейінде білетінін көрсетті, 5 % «түсінемін, бірақ сөйлей алмаймын» – деп жауап берсе, 3.7 % «бірнеше сөздерді ғана білемін, жәй сөйлемдерді түсінемін» – деген, ал 1.6 % қазақ тілін мүлдем білмеймін десе, 1.7 % «білмеймін, бірақ үйренуді бастаймын» – деген нұсқасын таңдаған.

Әлеуметтік сауалнаманың қорытындысы қазақстандық жастардың 70 пайыздан астамы мемлекеттік тілді жетік меңгергенін көрсетеді.

Сауалнамаға еліміздің барлық аймақтарынан 5 мыңға жуық 18 ден 30 жасқа дейінгі жастар қатысты.

Биыл елімізде қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берген «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына жиырма бес жыл толады. Мемлекеттігіміздің нышаны саналатын қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселесі тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен күн тәртібінен түспей келеді. Бүгінгі таңда қазақ тілі жастар арасында күнделікті қарым-қатынас тіліне айналды. Еліміздің 60 пайыздан астам оқушылары мемлекеттік тілде білім алуда.

Естеріңізде болса, www.soyle.kz порталы қазақ тілін тегін үйрету мақсатында өткен жылдың аяғында ашылған болатын. Ашылғалы бері бес айдың ішінде осы порталда тіркелген қазақ тілін үйренушілер саны 9 мыңға жетіп, порталмен еліміздің барлық аймақтары мен мен шет елдерден 80 мыңға жуық адам кіріп танысты.



«Soyle.kz» порталы туралы үздік мақалаға байқау

Мамыр айында Мемлекеттік тілді дамыту қоры Қазақстандағы ең алғашқы қазақ тілін тегін үйретін www.soyle.kz онлайн курсының жұмысы туралы үздік мақалаға байқау жариялайды.

Байқаудың мақсаты оқырмандарды мемлекеттік тілді үйренуге тарту және осы порталмен көпшілікті таныстыру.

Байқауға кәсіпқой журналистермен қатар www.soyle.kz ресурсы арқылы мемлекеттік тілді үйреніп жүрген кез келген пайдаланушы қатыса алады. Авторлар өз мақалаларында осы порталмен қазақ тілін үйреніп жүрген өз тәжірибелері туралы бөлісуі керек. Байқауға жіберілген жұмыстар 2014 жылдың 1 шілдесінен 20 қыркүйегі арасында баспасөз беттерінде жариялануы керек.

Байқау жеңімпаздары 2014 жылдың 22 қыркүйегі, Қазақстан халқының тілдері мерекесі күні қарсаңында анықталады.

«Қазақ тілін бір айда меңгеру»

«Vласть» интернет-журналының ұйымдастыруымен өткен «Қазақ тілін бір айда меңгеру» жобасы өз мәресіне жетті. Қазақ тілін бір айда үйренуге ықылас білдірген еріктілер жоба басталмас бұрын тілді білу деңгейін анықтау тестілеуінен өтті. Олардың әрқайсысы тіл үйрену әдісін өз қалауынша таңдап алған болатын. Математик Ибрагим Ибатуллин қазақ тілін бір ай бойы ауылда болып, тілдік ортаға ену арқылы үйренуді қаласа, журналист Ольга Малышева «Қобыланды жырын жаттау» этнолингвистикалық әдісін таңдаған еді. IT-маман Ольга Капитова қазақ тілін оқытушыдан жеке сабақ алу арқылы үйренген болса, PR саласының маманы Юлия Кузнецова қазақ тілін өз бетімен, оқулықтар арқылы үйренуді жөн көріпті. Ал инженер Сергей Горбунов қазақ тілін онлайн режимінде тегін оқытатын «www.soyle.kz» интернет порталы арқылы үйренемін деп шешкен.

Тестілеу қорытындысы бойынша Сергей Горбунов ең үздік нәтижеге жетті деуге болады. Бастапқы тестілеуде 42 ұпай алған Сергей жоба соңындағы тест қорытындысы бойынша 76 ұпай жинап, қазақ тілін аз уақыт ішінде нәтижелі игергенін көрсетті.

Жобаға қатысушылар бұл межеде тоқтап қалмай, алдағы уақытта да мемлекеттік тілді үйренуді жалғастыра беретіндерін айтты.

Қазақ тілін онлайн режимінде үйрететін «Soyle.kz» сайтына сұраныс артты

Ғаламторға шыққалы жарты жылдың ішінде әлемнің 50 мемлекетінен адамдар кіріп, қазақ тілін үйрене бастаған. Бұл – елімізде қолға алынған алғашқы жоба. Идея авторы – мемлекеттік тілді дамыту қоры. Тәуелсіздік алған 23 жылда қазақ тілін дамыту үшін небір әдіс-тәсілдер қолданылды. Бұл жоба солардың ішіндегі бірегейі болып тұр. Күн санап дамыған технология адамзаттың басын ғаламторда қосты. Осы үрдісті ескерген мемлекеттік тілді дамыту қоры «soyle.kz» атты онлайн режимдегі сайтты жасап шықты. Алдымен олар осыған ұқсас шетелдің сайттарын зерттеген, тәжірибе жинаған. Соңында қазақстандық бағдарламашылар мен тіл ғылымының мамандарын жинап, тегін қызмет түрін көпшілікке ұсынды.

Енді жоба авторлары ғалымдармен бірігіп, сайтты жетілдіргісі келеді. Келешекте балаларға арналған арнайы бөлім де болмақ. Ал осы жылдың соңына қарай ұялы телефонның «андройд» жүйесіне арналған қосымшаны іске қосуды көздейді.

Авторлары: Нұрболат Туысбайұлы, Берік Ахтан, Айтжан Отызбаев. «24 KZ» арнасы.

Қазақстан халықтарының тілдері күні

Қазақстан халықтарының тілдері күні қарсаңында Мемлекеттік тілді дамыту қоры Астана қаласының № 71 балабақшасының тәрбиелену-шілеріне қазақ тіліндегі кітаптарды сыйға тартты. Бұл мектепке дейінгі оқушыларға арналған энциклопедиялар және танымдық балалар әдебиеті.

Шараның мақсаты өскелең ұрпақтың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, оларды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, Отанымызға деген мақтанышын арттыру, қазақ әдеби тілін үйренуге баулу және балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың қазақ тілін үйренуін ынталандыру мақсатында Қор қазақ тілін онлайн режимінде тегін үйренуге болатын www.soyle.kz порталында биыл «Балаларға арналған қазақ тілі» бөлімін ашуды жоспарлап отыр.

«Soyle.kz» «Тақырыптық сөздікпен» толықты

Мемлекеттік тілді дамыту қоры Soyle.kz интернет-порталының «Тақырыптық сөздік» атты жаңа бөлімін ашты.

Тақырыптық сөздікте қамтылған 3500-ге жуық сөз бен 700-ден аса күнделікті өмірде жиі қолданылатын тілдесу үлгілері толықтай дыбысталып, тақырыптық принцип бойынша топтастырылып берілген. Жинақталған 50 тақырып күнделікті өмірдің негізгі салаларын және тілдегі негізгі сөз таптарын (етістік, сын есім, үстеу, көмекші сөздер, есімдік) қамтиды. Сөздікте барлық сөз шағын тақырыптарға бөлінген, бұл есте сақтауда қиындық тудыратын сөздерді кезең-кезеңмен меңгеруге мүмкіндік береді.

Жаңа сөздерді игерту мақсатында түрлі амал-тәсілдер қолданылатын 6 жаттығу ұсынылады. Олар сөздердің қазақша аудармасын, айтылуын, жазылуын есте сақтауға, дұрыс жазып, дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Soyle.kz – ҚР Тұңғыш Президентінің Қоры, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Samsung Electronics» компаниясының қолдауымен ашылған қазақ тілін онлайн режимінде тегін үйрететін тұңғыш курс, мұнда тілді жан-жақты үйретуге бағытталған озық әдістер мен амал-тәсілдер қолданылады. Ашылғалы 9 айдың ішінде елімізден және шет елдерден 160 мыңнан астам адам сайт жұмысымен танысып, олардың 13 мыңға жуығы қазақ тілін үйреніп жатыр.



IT-жобаның тұсаукесері

Мемлекеттік тілді дамыту қоры Астанада «Айтыс» (iTys) атты Тұңғыш қазақстандық мессенджердің тұсаукесерін өткізді.

Бұл әлемге әйгілі Whatsapp-тың қазақстандық баламасы.

Яғни, iTys – тұңғыш рет қазақстандық мамандар жасап шығарған, жедел хабар алмасуға арналған мобильдік қосымша.

iTys орыс және ағылшын тілдерінде ғана емес, ең бастысы, қазақ әліпбиінің барлық әріптерін пайдаланып, мемлекеттік тілде хабар алмасуға болатындығымен айрықша.

Бұл ерекшелік оны қазір қолданыста жүрген белгілі мессенджерлерден даралап, әрбір қазақстандыққа арналған, толықтай ұлттық IT-өнім атандырады.

Жаңа отандық өнім мемлекеттік тілді дамыту, үш тұғырлы тіл және қазақ тілін қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық ортаға бейімдеу туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жүктеген міндеттерге толығымен сай келеді.

iTys қосымшасының ең басты ерекшелігі – оның ұлттық мәнерде айшықталған, мемлекеттік тілде қолдануға болатын эксклюзивті интерфейсі мен мәзірі.

Яғни, барлық смайликтер қазақтың ұлттық нақышында жасалған.

Оның тағы бір маңызды қыры – басқа мессенджерлер сияқты қолдану үшін төлем талап етпейді.

Әркім оны ТЕГІН пайдалана алады.

Осының барлығы хабар алмасуға арналған тұңғыш қазақ-стандық мобильді қосымша – iTys-ты тек тартымды, қызықты етіп қана қоймай, Қазақстанның кез-келген тұрғыны үшін мейілінше қолжетімді етеді.

Оқушылармен кездесу

Мемлекеттік тілді дамыту қоры Ақмола облыстық дарынды балаларға арналған №2 мектеп-интернатының тәрбиелену-шілерімен кездесу өткізді.

Бұл шараның мақсаты Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жас мемлекетіміздің қалыптасуындағы рөлі мен қызметі туралы балаларды таныстыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, оларды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, Отанымызға деген мақтанышын арттыру, қазақ әдеби тілін үйренуге баулу және балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

Кездесуде Қор қызметкерлері Мемлекет Басшысының жаңа Жолдауының мақсаты мен бағыттары туралы айтып берді.

Кездесу соңында мектеп-интернаттың тәрбиеленушілеріне қазақша әлемдік және қазақ классиктерінің еңбектері, оқушыларға арналған энциклопедиялар, танымдық балалар әдебиеті сыйға тартылды.

«Тәуелсіздікке ұмтылыс»

Астанада Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен Тәуелсіздік күніне арналған қалалық мектеп оқушылар арасында «Тәуелсіздікті нығайтуға бәріміз жұмылайық!» атты танымдық кеші өткізілді.

Кештің мақсаты – жас ұрпақтың бойына ел тәуелсіздігін нығайтуға аса қажет адамгершілік, отансүйгіштік, білімге құштарлық, бірлік, бейбітшілік пен келісім сияқты рухани парасаттылық құндылықтарымызды қалыптастыру мен дамыту.

Алаш арыстарының азаттыққа ұмтылған қайсарлықтарын олардың шығармаларынан танып-білу және қазіргі заман батырларының тәуелсіздікке жету мен оны нығайту жолындағы еңбектерінен үлгі-өнеге алу.

Бұл шара «Тәуелсіздікке ұмтылыс» атты оқушылар арасында өткен шығармашылық байқауын қорытындылады.

Жиын соңында байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Барлық қатысушыларға Қордың арнайы сыйлықтары тапсырылды.

Soyle.kz мобильді қосымшасы мен «Балаларға арналған қазақ тілі» – bala.soyle.kz порталының тұсаукесері

Мемлекеттік тілді дамыту қоры Астанада Soyle.kz мобильді қосымшасы мен балаларға арналған Bala.soyle.kz порталының тұсаукесерін өткізді.

Soyle.kz – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Samsung Electronics» компаниясының қолдауымен ашылған қазақ тілін онлайн режимінде тегін үйрететін тұңғыш интернет портал.

Soyle.kz – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың мемлекеттік тілдің қоғамдағы мәртебесін арттыру, дамыту және қолданыс аясын кеңейту бағытындағы талап-міндеттеріне сай әзірленген озық IT жоба.

Soyle.kz мобильді қосымшасы пайдаланушыларға мемлекеттік тілді тегін, өздеріне қолайлы уақытта әрі жылдам үйренуге мүмкіндік беріп отыр. Мобильдік қосымшаны пайдалану нәтижесінде әрбір адам арнайы тілдік курстарға кететін алтын уақытын үнемдей алады.

Балаларға арналған «Балаларға арналған қазақ тілі» – Bala.soyle.kz порталы – мектепке дейінгі бүлдіршіндер мен бастауыш сынып оқушыларына арналған дистанциялық оқытып-үйрету жүйесі. Ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды дамытады, тілді ұстартады, сөздік қорды молайтады, өмірді танып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді. Сондықтан да біз баланы ойната отырып сөйлетуге, суреттерді қарап, заттарды сипаттау, жұмбақ есептерді шешу, құрастыру, тақпақтар жаттау арқылы олардың қызығушылығын арттыруға тырыстық.

Порталда балалар әліпбимен, аудио-сөздіктер арқылы жаңа сөздермен танысып, санауды үйренеді. «Ертегілер», «Сандықша», «Ойындар» атты қосымша бөлімдерде балалар қазақ тілінде мультфильмдер көріп, ән айтып, ертегі тыңдап, санамақтарды үйреніп, тағы да сан алуан қызықты сабақтарды таба алады.

Қордың Бас демеушісі

САМРУК КАЗЫНА

Қордың демеушісі

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының Қоры

Қордың 2015 жылы атқарған іс-шаралары







«Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» атты IX республикалық қашықтық олимпиадасы

8 Қаңтар 2015

Ақыл-ой және рухани дамудың, қарым-қатынастың құралы ретінде қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылық танытқан, лингвистикалық қатынаста дарынды оқушыларды қолдау және анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Мемлекеттік тілді дамыту қорының қолдауымен өзге ұлттың 5-10 сынып оқушылары арасында қазақ тілінен «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» IX республикалық қашықтық олимпиадасын өткізді. Олимпиадаға 5-10 сыныптарда оқитын өзге ұлт өкілдерінің оқушылары қатысты.

Елбасы «Мейірімділік» ерікті қоғамы» қорының директоры Аружан Саин мен Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры Азат Шәуеевті қабылдады

17 Наурыз 2015

Кездесу барысында Мемлекет басшысы әлеуметтік бастамаларға жан-жақты қолдау көрсетудің маңыздылығын атап өтті. Осыған байланысты Қазақстан Президенті қорлардың әрқайсысына 300 мың доллардан берілетінін, бұл оның Қытайға сапары кезінде алған «Жібек жолы» бейбітшілік сыйлығының қаражаты екенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев сондай-ақ мемлекеттік тілді дамыту ел болашағы үшін маңызды мәнге ие екенін атап өтті.

– Бұл мәселе тез шешіле қоюы мүмкін емес, ұзақ уақыт жұмыс жүргізген жөн. Мұны өскелең ұрпақтан бастау қажет. Тілдің дамуына жан-жақты көмек көрсету керек. Зиялы қауымды тартып, өзекті шығармаларды талқылау, тілді үйренудің жаңа әдістерін ілгерілету маңызды, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы қоғамдық бірлестіктер жұмысының әлеуметтік тұрақтылық үшін айрықша маңызы бар екенін, ол мемлекеттің басымдығы бар бағыттарына сай келетінін атап өтті.

«Балақай» балабақшасында «Армысың Әз Наурыз» мерекесі өтті

19 Наурыз 2015

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында Мемлекеттік тілді дамыту қоры Астана қаласының «Балақай» балабақшасында «Армысың Әз Наурыз» мерекесін өткізді. Балаларды ұлттық салт-дәстүрлермен таныстыруға арналған ойындар ұйымдастырылды.

Бұл шараның мақсаты балаларды қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрімен таныстыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, қазақ тілінде сөйлеуге баулу және балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

Іс-шара соңында өскелең ұрпақты қазақ тілін үйренуін ынталандыру мақсатында Қор бүлдіршіндерге мемлекеттік тілдегі кітаптарды сыйға тартты. Бұл Қазақстан халықтарының ертегілері мен мектепке дейнгі балаларға арналған танымдық әдебиет.

iOS және Android платформасындағы Тұңғыш отандық инновациялық «Айтыс» (iTys) IT-жобасының тұсаукесері

31 Наурыз 2015

Мемлекеттік тілді дамыту қоры 2015 жылғы 30 наурызда iPhone и iPad тұтынушылары үшін қолжетімді «Айтыс» (iTys) атты Тұңғыш қазақстандық мессенджердің тұсаукесерін өткізді.

iTys мобильдік қосымшасы тұтынушыларға мемлекеттік тілде толыққанды хат-хабар алмасуға мүмкіндік береді, сондай-ақ әлемнің әр қиырындағы барша қазақстандықтарды біріктіруді көздейді. Оны AppStore мен www.itys.kz сайтынан тегін жүктеп алуға болады.

Бірнеше айдың ішінде iTys мессенджерін ұялы телефондарына жүктеп алған тұтынушылар саны 200 000-нан асты, олардың қатарында тек Қазақстан тұрғындары ғана емес, Ресей, АҚШ, Қытай, Корея, Түркия, Франция және Жапония елінің азаматтары да бар.

Бұл қосымша барша қазақстандықтардың, сондай-ақ шетелдіктердің де қолдауына ие болды, оған қатысты оң пікірлер айтылуда.



«ЖАС ҰЛАНМЕН» жүздесу

4 Мамыр 2015

Астанада Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінің тәрбиеленушілерімен кездесу болып өтті.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған «Ерлік – елге мұра!» атты бұл патриоттық шараны Мемлекеттік тілді дамыту қоры ұйымдастырды.

Кездесу барысында Кеңестер Одағының Батыры, бірінші Халық Қаһарманы, тәуелсіз еліміздің тұңғыш қорғаныс министрі, армия генералы Нұрмағамбетов Сағадат Қожахметұлы туралы «отАсу» роман-дилогиясының авторы, жазушы-журналист Болат Жүнісбеков болашақ генералдарға халқымыздың біртуар қайраткері туралы кең әңгімеледі. Жастарға қаршадай қазақ баласының майдандағы ерлігі мен бейбіт кезеңдегі қажырлы қызметі жөнінде нақты мысалдар келтірілді. Сонымен қатар тұңғыш министрдің Елбасы – Жоғарғы Бас қолбасшы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен төл Қарулы күштерімізді нығайту жолындағы ерен еңбегі жастарға үлгі етілді.

Мемлекеттік тілді дамыту қоры мектептің кітапханасына әр түрлі тақырыптағы қазақша жүзден аса кітап пен Сағадат Нұрмағамбетов туралы «отАсу» романының жиырма данасын сыйға тартты.

«Ұмытылған батырлар» оралды

5 Мамыр 2015

Астана қаласында «Ұмытылған батырлар. Кеңес Одағының Батырлары» атты Қордың қолдауымен әзірленген кітаптың тұсаукесер рәсімі өтеді.

Берік Әбдіғалиұлының кезекті бұл еңбегіне Екінші Дүниежүзілік соғыста ерекше көзге түсіп, ерлік көрсеткен отандастарымыз арқау болған.

Кітапта көрсеткен ерліктері үшін дер кезінде «Кеңес Одағының Батыры» атағына ұсынылып, белгісіз себептермен батыр атағы берілмеген, тіптен жадымыздан өшіп қалған аталарамыз туралы тың мәліметтер топтастырылған. «Ұмытылған батырлар» жайындағы мәліметтер Ресей Қорғаныс министрлігінің архивінен алынып, алғаш рет жарияланууда. Әзірге «Кеңес Одағы Батыры» атағына ұсынылған 10 қазақстандық батыр жайында мағұлмат табылған.

Жоба мақсаты — тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және жас ұрпақ бойына отансүйгіш қасиет дарыту.

SMART.TV-ға арналған «Soyle.kz» қосымшасының тұсау кесері

20 Мамыр 2015

Мемлекеттік тілді дамыту қоры мен “Samsung Electronics Central Eurasia” компаниясы бірлесіп SMART.TV-ға арнайы әзірлеген «Soyle.kz» қосымшасының тұсау кесері өтті.

Портал жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында сервер параметрлері мен программалық жүйесін жаңарту және кеңейту шаралары жүзеге асырылды.

Пайдаланушылар бір-бірімен онлайн режимінде сөйлесе алуы үшін «Онлайн чатты» іске қосылды. Жаңадан «Кітапхана» бөлімі ашылды, бұл жерде түрлі әдеби және танымдық кітаптарды онлайн режимде оқуға мүмкіндік аласыз. «Өзіңді тексер!» атты жаңа бөлім аштық.

«Soyle.kz» әлеуметтік желісінің топтарында 20 мыңға жуық пайдаланушы, ал мобильді қосымша арқылы 20 мыңға жуық пайдаланушы тіл үйреніп жатыр. Балаларға арналған «bala.soyle.kz»порталын пайдаланушылар саны да күн сайын артып келеді.

«Еркетай» балабақшасында балаларды қорғаудың Халықаралық күніне орай іс-шара өтті

1 Маусым 2015

Балаларды қорғаудың Халықаралық күні қарсаңында Мемлекеттік тілді дамыту қоры Астана қаласының «Еркетай» балабақшасына қонаққа барды. Балаларға қызық әрі тартымды мерекелік шара ұйымдастырылып, көптеген түрлі сайыстар болды.

Бұл шараның мақсаты балаларды ерте жастан қазақ тілінде сөйлеуге баулу.

Іс-шара соңында өскелең ұрпақты қазақ тілінде сөйлеуін ынталандыру мақсатында Қор бүлдіршіндерге мемлекеттік тілдегі кітаптар сыйға тартты. Бұл Қазақстан халықтарының ертегілері мен мектепке дейінгі балаларға арналған танымдық әдебиет.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Елбасы Қорының «Алтын Тобылғы» әдебиет Жүлдесіне өтініштер қабылдау басталғаны жарияланды

1 Шілде 2015

Астанада Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Елбасы Қорының «Алтын Тобылғы» Жүлдесіне өтініштер қабылдау басталғаны белгілі болды. Жүлде қорының жалпы мөлшері 5,5 млн теңге.

«Алтын Тобылғы» әдеби шығармалар Жүлдесі — қазақстандық авторлардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру мақсатында әзірленген, жаңа буынның өмірлік философиясын көрсететін жоба. Жобаға ҚР Жазушылар одағы мен Мемлекеттік тілді дамыту қоры серіктес болды.

Жобаға 18 бен 35 жас аралығындағы қазақстандық жас авторлар қатыса алады. Ұсынылатын материалдар бұрын еш жерде жарияланбаған болуы тиіс.

«Алтын Тобылғы» Жүлдесі «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия» және «Үздік балалар әдебиеті» деген 4 номинация бойынша беріледі. Жеңімпаздарға 1 млн. теңгеден сыйақы беріледі. Сонымен қатар «Мәңгілік ел» тақырыбы бойынша жеңімпаз атанған автор 1,5 млн теңге ақшалай сыйлығы бар арнайы жүлдеге ие болады.

Ұлы Абайдың 170 жылдығына орай Қазақстанда тұңғыш рет «Abaialemi.kz» энциклопедиялық онлайн порталы ашылды.

6 Тамыз 2015

6 тамыз күні Семейде Абайдың 170 жылдығын мерекелеу аясында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған www.abaialemi.kz энциклопедиялық онлайн порталының тұсаукесер рәсімі өтті.

Мемлекеттік тілді дамыту қоры жасаған портал Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен өзінің «Жібек жолы» бейбітшілік сыйлығына алған қаржысына әзірленді.

Салтанатты шара барысында ұлы ақынның шығармашылығы мен өміріндегі бұған дейін белгісіз болып келген жайттарға арналып Қордың арнайы тапсырысымен түсірілген «Абайдың ұлы жұмбағы» атты жаңа рухани-ағартушылық деректі фильм көрсетілді.

www.abaialemi.kz онлайн порталында ұлы Абай дәуірі, оның ізбасарлары туралы мәлімет, абайтану еңбектері, замандастарының естеліктері, Абайға арналған шығармалар, т.б. бар. Порталдағы қазақ, латын және араб тілдеріндегі ақпарат мынадай бөлімдер бойынша орналасқан: Абайдың өмірбаяны, шығармашылығы, Абай әлем тілдерінде, Абай өлеңдері, Абай туралы естеліктер, абайтану, абайтанушы-ғалымдар, «Абай жолы» эпопеясы, естелік жерлер, Абай мұражайы, фотогалерея.

«Тәтті алма» — Елбасының балаларға сыйлығы

9 Қыркүйек 2015

9 қыркүйек күні Астанадағы №70 мектепте «Тәтті алма» атты 2-томдық балаларға арналған шығармалар жинағы мен www.tattialma.kz балалар сайтының тұсаукесері өтті.

Мемлекеттік тілді дамыту қорының бұл жобалары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен, Елбасының «Жібек жолы» бейбітшілік сыйлығына алған қаржысына әзірленіп отыр.

Елбасының тікелей қолдауымен басылып шыққан бұл жинаққа қазақ балалар әдебиетіндегі белгілі ақын-жазушылары мен жас қаламгерлердің XX ғасырдың орта тұсынан бүгінге дейінгі жарық көрген туындылары еніп отыр.

Жинақ 3000 дана болып басылып, олардың басым көпшілігі республикадағы балалар кітапханалары мен мектептерге таратылды.

www.tattialma.kz сайтының басты мақсаты – балаларды әдебиет әлемімен таныстыру. Сайттың басқы бетінде жинаққа енген шығармалар орналастырылған. Сондай-ақ, сайтта мультфильмдер, ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, және ата-аналарға арналған бөлім мен байқаулар бөлімі бар.

«Мемлекеттік тіл – мәртебеміз!»

21 Қыркүйек 2015

Қазақстан халықтарының тілдері күні қарсаңында Мемлекеттік тілді дамыту қоры Астана қаласының № 70 мектеп лицейінде «Мемлекеттік тіл – мәртебеміз!» акциясын өткізді.

Шараның мақсаты өскелең ұрпақтың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, оларды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, «Тілдер туралы» Заңмен таныстыру, қазақ әдеби тілін үйренуге баулу және балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

Шара соңында Қор бүлдіршіндерге қазақ тіліндегі 120 кітап сыйға тартты.

Ілтипат пен құрмет

7 Қараша 2015

Астанада Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейінде «Тіл жанашыры» құрмет белгісін табыстау рәсімі өтті. Түрлі лауазымда қызмет ететін, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіруге, оны дәріптеу мен насихаттауға зор үлес қосып жүрген ұлтжанды азаматтар салтанатты түрде «Тіл жанашыры» төсбелгісіне ие болды.

«Тіл жанашыры-2015» төсбелгісін алғандар қатарында «КМ компаниялар тобы» директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мусин, Бас Прокурордың орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты Жақып Асанов пен Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры Азат Шәуеев, Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы «Мұрагер» қоғамдық ұйымының негізін қалаушы Нұрлан Өміржанов бар.

4 жас қазақстандық «Алтын Тобылғы» әдебиет саласындағы алғашқы Сыйлықтың лауреаты атанды

4 Желтоқсан 2015

Астанада Елбасы – ҚР Тұңғыш Президенті Қоры «Алтын Тобылғы» әдебиет саласындағы алғашқы Сыйлықтың лауреаттарын марапаттады.

«Алтын Тобылғы» әдеби туындылар сыйлығы – 18 бен 35 жас аралығындағы жас қазақстандық авторлар шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыруға бағытталған жоба. Барлығы жиналған 120 әдеби туындылардың ішінен әділ қазылар алқасы 4 ең жақсы туындыны таңдады. Жоба серіктестері – Қазақстан жазушылар одағы және Мемлекеттік тілді дамыту қоры.

1 миллион теңгеден келесі авторлар алды:
• «Ең жақсы проза» — Арай ЕРТАРҒЫНОВА, 20 жас, (Өскемен қ.)
• «Ең жақсы драматургия» — Әннәс БАҒДАТ, 31 жас, (Алматы қ.)
• «Ең жақсы балалар әдебиеті» — Алексей ВАРЗАЕВ, 35 жас, (Шахтинск қ., Қарағанды обл.). Сонымен қатар, «Мәңгілік ел» тақырыбына туынды үшін 1,5 миллион теңге көлеміндегі арнайы сыйлық 34-жасар Алматы облысы Талдықорған қаласынан Есболат АЙДАБОСЫНҒА берілді. «Ең жақсы поэзия» номинациясы бойынша сыйлық бұл жылы табысталмады.

«Кім Білгіш» және «Менің Қазақстаным» мобильді қосымшаларының тұсаукесері

9 Желтоқсан 2015

9 желтоқсан күні Астанада Мемлекеттік тілді дамыту қоры Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Кім Білгіш»мобильді ойыны мен «Менің Қазақстаным» мобильді қосымшаларының тұсаукесер рәсімін өткізді.

Бұл жобалар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қолдауымен, Елбасының «Жібек жолы» бейбітшілік сыйлығына алған қаржысына әзірленді.

«Кім Білгіш»- түрлі анимациялық әдістер мен дыбыстық жүйе негізінде дайындалған, сан алуан тақырыптағы сұрақтардықамтитын интеллектуальды викториналық ойын. Ойында өз достарыңмен де, кездейсоқ қарсыластармен де жарысуға болады. Қосымшада түрлі деңгейдегі тапсырмалар, жұмбақтар және ҰБТсұрақтары жинақталған. Ойын барысында әр түрлі санаттағы сұрақтарды таңдауға болады. Қосымшаның басты ерекшелігі – ойыншылардың жарысып ойнауына мүмкіндік беретін турнирлер. Олардың екі түрі бар: классикалық және ойыннан шығып кететін түрі. Ойынның негізгі бөлімдері: ғылым, Қазақстан табиғаты, XX ғасыр, XXI ғасыр, денсаулық, спорт, Қазақстан тарихы, ҰБТ және шартарап.



«Менің Қазақстаным» — еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі зор көпшілікке арналған мобильді қосымша. HD сапасындағы фотосуреттер жиынтығы: Елорда, Алматы қаласы, Қазақстан табиғаты, спорт, патриоттық, тарихи тақырыптағы суреттер, Қазақстан туы мен елтаңбасы бар түсқағаздар. Бұл қосымша арқылы еліміздің әнұранын тыңдап, рингтонға қосып қоюға, Қазақстан инфографикасымен танысуға, планшет және телефонды ландшафттық және портреттік режимге оңтайландыруға болады.

«Кім Білгіш» және «Менің Қазақстаным» мобильді қосымшаларықазақ және орыс тілдерінде әзірленген, IOS және ANDROID платформаларында қолжетімді. Болашақта осы қосымшалардың ағылшын тіліндегі нұсқасын жасау жоспарланып отыр.